



TALAS

Talas aýdandyq gazeti

№93 (10369)
жұма
10 желтоқсан
2021 жыл

Gazet 1934 jyldyń 1 qazanynan shyǵady

E mail: talas-gazet@mail.kz



ЕЛІМІЗ БОЙЫНША

► Жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарияланды.

► Қазақстан коронавирусқа қарсы отандық екпені шығарды.

Зерттеу нәтижелері қауіпсіздігін растаған, тиімділігіне толық баға берілген QazVac вакцинасын қабылдауға рұқсат етілді.

► Токиода XXXII жазғы Олимпиада ойындары өтті. Төрт жылда бір өтетін дүбірлі додаға отандастарымыз 97 жолдаманы иеленді.

► Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII Саммиті Ыстанбұлда өтті. Оған Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қатысса, Елбасы Н.Назарбаев бейнеүндеу жолдады.

► Еліміз бойынша Ұлттық халық санағы жүргізілді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

► Осы жылы өңірде 86 елді мекен көгілдір отынмен қамтамасыз етілді.

► Таразда «Оқушылар сарайы» мен «Анағазы» орталығы ашылды.

► Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы аталып өтті.

► Облыс орталығындағы 14 шағын ауданда онкологиялық аурухананың құрылысы аяқталды.

► Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Таразда тарту» жобасы аясында 42 саябақ құрылысы жоспарланып, пайдалануға берілді.

ТАЛАС АУДАНЫ БОЙЫНША

► Қаладағы Г.Жансүгіров көшесінің бойынан жеке кәсіпкер Алпамыс Бақытұлының қаржылай демеушілігімен «Әбдірашид ата» мешіті бой көтерді.

► 3 мәртеке ауданында қайта жаңғыртудан өтіп жатқан №15 көпқабатты үйдің алдынан «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне-30 жыл» саябағы ашылды.

► Елден түлеп ұшқан азаматтардың демеушілігімен Тамабек елді мекенінде Б.Жолтаев атындағы ағашбақ және Тұрымқұл ауылында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған монумент, заманауи үлгідегі мешіт, су бұрқағы, балалар ойын алаңы бой көтеріп, пайдалануға берілді.

► Қаладағы Б.Момышұлы көшесі №11 көпқабатты үйден көпбалалы, толық емес отбасы және мүмкіндігі шектеулі 10 отбасыға жаңа пәтердің кілттері табыс етілді.

ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҚТЫ: Қазақстандықтардың саны қанша?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Асқар Маминді қабылдады, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ порталы Берік Уәлидің Instagram парақшасына сілтеме жасап.

"Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жүргізілген Ұлттық халық санағының алғашқы нәтижелері туралы баяндалды. Асқар Маминнің мәліметі бойынша қазақстандықтардың жалпы саны – 19 169 550 адам. Отандастарымыздың 48,71 пайызы – ерлер, 51,29 пайызы әйелдер. Қазақстан халқының орта жасы 31,94 жас деп көрсетілген. Жалпы халықтың 33,97 пайызы – 17 жасқа дейінгі балалар, 19,72 пайызы – 14-28 жас аралығындағы жастар. Еліміздегі қазақтардың үлесі – 70,18 пайызға жеткен. Халықтың 59,05 пайызы, яғни 11 320 410 адам еңбекке жарамды деп танылған", - делінген хабарламада.

АУДАН ЭКОНОМИКАСЫ ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЛЕНЕДІ

Қанатбек МӘДІБЕК,
Nur Otan партиясы аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі.

Тәуелсіздіктің 30 жылында жеткен табысымыз айтуға тұрарлық. Елдің тұрақты даму жолында жетістіктер мен қатар, ауыртпашылықтар да аз болған жоқ. Алайда, елдегі бірлік пен тұрақтылықтың нәтижесінде қиындықты еңсеріп, сыннан сабақ алдық. Әсіресе, соңғы екі жылдағы әлемді дүрліктірген пандемия кез-келген сыңа-катерге дайын болу керектігіне көз жеткізді. Қиындықтарға қарамастан алға мақсат қойып, бағытымызды берік ұстана білдік.

Расымен, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүйелі жүзеге асуына және ел сенімін орнықтыруда Nur Otan партиясының қосқан үлесі аз емес. Бұл туралы партияның «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасында Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан үшін сындарлы сәттерде нұротандықтар әрдайым халықтың жанынан табылып, қиын да күрделі міндеттерді атқарып келеді. Бізешқашан бір сәттік пайданы көздеген жоқпыз, орындамайтын уәдеден аулақ болдық. Қоғамымыздың орнықты дамуы мен азаматтарымыздың тұрмысын жақсарту жолында тынымсыз жұмыс істедік,-деп баға берелі.

Жалпы, сайлауалды бағдарлама-құндылықтарды қамтыған, ел дамуына негізделген, қажетті ресурстармен

қамтамасыз етілген мақсаттар мен бағдарлар жиынтығы. Халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беретін бағдарламаны жүзеге асыру бағытында Жол картасы әзірленіп, 2025 жылға дейін атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттарын айқындадық. Бұл орайда міндеттер жүктеліп, тиісті жұмыстар атқарылууда.



Иммундау шарасы жалғасуда



Талас ауданында 12 жасдан бастап 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді, жүкті әйелдерді және емізулі аналарды корона-вирусқа қарсы "Pfizer" препаратымен иммундау шарасы жалғасуда.

Ушарал ауылдық округінде орналасқан Ә.Сағынтаев атындағы орта мектептің 2005—2009 жылдар арасында туылған 12 жасөспірімді ауылдық амбулаторияда "Pfizer" вакцинасының 1-компонентін қабылдады.

Жалпы, екпе алуға Ушарал ауылында ата-аналарының рұқсатымен 15 жасөспірім ниет білдірген. Алайда, алдын-ала дәрігерлік тексеруден өту кезеңінде 3 оқушыда вакцина қабылдауға

қарсы себептер анықталды. Қалған 12 оқушы толық тексеруден өтті.

Вакцина қабылдаған оқушылардың ішіндегі ең жасы 12 жасар Әлмахан Ақбаян:

- Мен вакцина салдыруға қарсы емеспін және үйімдегілердің келісімімен салдырайын деп жатырмын. Себебі, вакцинаны салдыру арқылы біз осы індеттен құтылатынымызға көзіміз жетті, - дейді.

Екпе қабылдаған жасөспірімдер 30 минут дәрігерлердің жіті бақылауында болып, қарсы көрсетілімдер анықталмаған соң, үйлеріне қайтарылды.

Талас ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Талас аудандық мәслихат депутаттарының НАЗАРЫНА

Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті XVIII сессиясы 2021 жылғы желтоқсан айының 27 – ші жұлдызы күні сағат 15.00-де аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында мынадай күн тәртібімен шақырылады:

1. Ауданның 2022-2024 жылдарға арналған бюджетін бекіту.
2. Қала және ауыл округтерінің 2022-2024 жылдарға арналған бюджетін бекіту.
3. Мәслихаттың 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
4. Қаратау қаласы әкімінің есебі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2021 жылдың желтоқсан айының 27-ші жұлдызында сағат 10.00-де өткізіледі.

С.РЫСБАЕВ,
аппарат басшысы.

АНДАТПА

ӘБИІРБЕК ӘЛЕМІ



4 бет

ЖЫР АЛЫБЫ–ЖАМБЫЛ



7 бет

ВЕРИТЬ В СЕБЯ И ДОБИВАТЬСЯ УСПЕХОВ



8 бет

Ескіген жеткен есті сөз

Ой шетіңе емес, сөз бетің іске абай бол.

Ислам қағидаты



АУДАН ЭКОНОМИКАСЫ ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЛЕНЕДІ

1

ИНВЕСТИЦИЯ-ИГЕРГЕНГЕ ИГІЛІК

Ауданда жыл басынан бері ауқымды міндеттер жүзеге асып, барлық сала бойынша жақсы көрсеткішке қол жеткіздік. Қазірдің өзінде жүйелі жұмыстар оң нәтижесін беруде. 2021 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында аудан бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 17525,5 млн. теңгені құрады. Кәсіпорындар бойынша тоқталсақ, «Talas Investment Company» ЖШС-гі 10030 тонна натрий цианидін және 3245 тонна амоний сульфатын өндіріп, 10831,5 млн. теңгені құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1914,9 млн. теңгеге артық орындалды. Кәсіпорын алдағы өнім көлемін арттыруды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, «Амангелді Газ» ЖШС-гі 93,9 млн. текше метр табиғи газ және 4,5 мың тонна газ конденсатын өндіріс, «Шолақтау» ЖШС-гі 44,0 мың тонна ұсақталған фосфат шикізатын шығарды. Бұл орайда кәсіпорындарда өндірілген өнімдер көлемінің орындалу көрсеткішінің төмен болуына пандемияның да кері әсері болғандығын айта кетуіміз керек.

Үстіміздегі жылдың тоғыз айында негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 16617,8 млн. теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 4799,3 млн. теңгеге артық орындалды.

2019 жылдан бері ауданда жел энергиясын пайдалану жұмыстары бойынша инвесторларды тарту арқылы жұмыстардың қолға алынғаны белгілі. Нәтижесінде 9221,0 млн. теңгені құрайтын 5 жоба жоспарланып, 3734,0 млн. теңгеге 2 жоба іске қосылды.

Қаржы көздерін тарту арқылы озық технологиялардың көмегімен баламалы энергияны пайдалану жүйелі түрде жүзеге асып жатқандығын айта кетуіміз керек.

Қаратау-Тамды тас жылының бойындағы Тамды ауылдық округіне тиесілі жердің бір бөлігі индустриялық аймақ болып табылады. Жалпы, индустриялық аймақ құру үшін аудан әкімдігінің қаулысымен жер учаскесі бөлінген болатын. Жер учаскесінің жалпы аумағы 40 гектарды құрайды. Аймаққа бөлінген учаске «Игілік» көпсалалы кәсіпорнының бақылауына берілген. Индустриялық аймақтың концепциясы жасалған. Тас жолға және аудан орталығына жақын орналасқандықтан инфрақұрылым тартуға қолайлы. Сонымен қатар, қаланың шығыс

жақ бөлігінде Амангелді көшесіндегі индустриялық аймақтың орналасу реті өз тиімділігімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда нысан қала әкімі аппаратының теңгерімінде.

КӘСІПКЕРЛІККЕ МҮМКІНДІК КЕҢ

Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасының бағыты экономика мен өңірлердің тұрақты дамуына негізделген. Онда мемлекеттің экономикадағы үлесін 14 пайызға дейін қысқартып, бизнес үшін кедергілерді жою және бәсекелестікті дамыту арқылы шағын және орта бизнестің қызмет алаңын кеңейту көзделген.

Бұл бағытта «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бірінші бағдарламасы кәсіпке ниет білдірген азаматтардың мүмкіндіктерін арттырып отыр.

Жалпы аталған бағдарлама аясында Қаратау қаласындағы кәсіпкерлерге осы жылы 10 жоба, 2022 жылы 10 жобаны субсидияландыру және 5 кепілдеме беру жоспарланған болатын.

Жыл басында айналым қаражатын толықтыру мақсатында бағдарламаға қатысуға ниет білдірген 18 жобаның иелері несие алуға өтініш білдірген болатын. Үміткерлердің тізімі екінші деңгейлі банктерге жолданды.

Бағдарламаның несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау бойынша екінші деңгейлі банктерден 12 кәсіпкерге 67,5 млн. теңге несие рәсімделсе, «Банк кредиттері бойынша кепілдік беру» құралы негізінде 85,0 млн. теңгеге 14 жоба мақұлданды. Одан бөлек, жана кәсібін жана бастаған азаматтар үшін мемлекеттік грант ұсыну бойынша жауапты мекемелермен тиісті жұмыстар атқарылып жатыр.

Сондай-ақ, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында биылғы жылға бірқатар істер жүзеге асты. Айталық, «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде бизнесті дамыту үшін жыл сайын кемінде 70 шағын несие беру көзделген. Осы жылдың 1 қазанына дейін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-на ауданнан 321,9 млн. теңгеге 86 өтінім берілген. Оның ішінде, 71 жоба оң шешімін тапты. Ауылдық жерлерден мақұлданған жобалардың дені мал шаруашылығын дамытуға арналғанын айта кетуіміз керек.

Ал, «Қарапайым заттар экономикасы» негізінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ы арқылы 82,5 млн. теңгеге 5 жобаға несие рәсімделген. Үшарал ауылынан 2, Тамды ауылынан 1 және С.Шәкіров ауылынан 2 жоба мақұлданды. Тиісті қаржыға 380 бас уақ мал мен 132 бас жылқы сатып алынған.

«Сыбаға» бағдарламасы аясында 8 жоба оң шешімін тауып, берілген қаражат тиісті мақсаттарға жұмсалды.

Аудан бойынша «Бастау-Бизнес» жобасы арқылы кәсіптік негізде 354 адамға жолдама беріліп, 334-і оқуын аяқтады.

Жаңа бизнес - идеяларды іске асыруға 200 аялдық есептік көрсеткіш мөлшерінде (583 400 теңге) қайтарымсыз қаражат алуға 180 адамның

бизнес жобалары комиссия қарауына ұсынылып, оның 150-і қолдау тапты.

Жалпы, аймақтың табиғат жағдайы ауыл шаруашылығы үшін қолайлы. Әсіресе, мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер үшін мүмкіндік мол. Бұл саладағы атқарылып жатқан жұмыстарды мұның алдында «Talas tynysy» газетіне берген сұхбатымда жан-жақты тоқталғандықтан, ол жайында оқырман хабарлар деген ойдамын.

АУЫЛ - ТІРЛІГІМЕН АЖАРЛЫ

Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасындағы «Ауқатты ауылдар» деген арнайы бағыты ауыл-аймақтың инфрақұрылымын жақартып, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға негізделген. Ол бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың жемісін көретін күн алыс емес.

Қазіргі таңда «Ауыл-ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақкөл ауылында дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары алдағы жылға өтпелі. Спорт кешенінің жалпы құны 330623,0 мың теңгені құрайды.

Бүгінгі күні Ақкөл ауылындағы 19 көше орташа жөндеуден өтті.

Сонымен қатар, Үшарал ауылдық округіне 45 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория салуға 123 955,0 мың теңге бөлінді. Құрылыс жұмыстары 2022 жылы толықтай аяқтау жоспарда бар. Жалпы, жоба құны 173 950 мың теңге.

Ерназар-Қойгелді бағытында автомобиль көпірін салуға бюджеттен қаражат бөлініп, жұмыстар басталып кетсе, Қожағаппар және Сейілбек ауылдарына кіреберіс жолына асфальт жамылғысы төселінді.

Аудан тұрғындарын көгілдір отымен қамтамасыз ету-алда тұрған маңызды міндеттердің бірі. Қазіргі таңда аудандағы 23 елді мекеннің 14-і газдандырылған. Бұл ауыл-аймақтың 60,9 пайызын құрайды. Жамбыл облысы әкімдігі энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан Ақкөл, Қызылауыт және Ақтөбе елді мекендеріне газ құбырларын тарту жұмыстары жүргізілуде. 2022-2023 жылдарға өтпелі жобаның құны 3 млрд. 700 мың теңгені құрайды. Одан бөлек, бөлім тарапынан аталған ауылдарға ішкі кварталдық газ тарату желісінің құрылысы бойынша ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өтуде.

Облыс әкімдігі энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы тарапынан бүгінге дейін 444 млн. 444 мың теңге бөлініп, «Билікөл» автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысы басталды. Одан бөлек Майтөбе, Қожағаппар ауылдарына газ тарту үшін жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ауылдан шыққан азаматтардың бастамасымен қолға алынған игі істер елді мекендердің көркіне көрік қосып, жергілікті тұрғындардың ризашылығын тудырып отыр. Мәселен, биылғы жылдың өзінде Тамабек ауылында қорымның аумағы қоршалып, Б.Жолтаев атындағы атшабар пайдалануға берілсе, Тұрымқұл елді мекенінде Ұлы Отан Соғысы ардагерлерінің есімдері жазылған монумент, заманауи үлгідегі мешіт, балалар ойын алаңы, субдұрағы ашылды.

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС-ТАБЫС КӨЗІ

Пандемияға байналысты енгізілген карантиндік шараларға қарамастан әлеуметтік сала бойынша атқарылған жұмыстар нәтижесіз болған жоқ. Әсіресе, халықты жұмыспен қамту мәселесіне баса назар аударылды. Жыл басынан бері 3 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Оған 96 жұмыс беруші қатысып, олардың тарапынан 212 бос жұмыс орындары ұсынылды.

Жалпы, әлеуметтік жұмыс орындарын құруға бюджеттен 157 орынға 46144,0 мың теңге жоспарланған. Бекітілген әлеуметтік жұмыс орындары бойынша 2 жақты келісім жасалып, 193 адам жұмысқа жолданып, жұмыс мерзімі аяқталған 36 азаматтың ішінен 34-і жұмысқа орналасты.

Аудан бойынша жұмыс берушілер тарапынан «Еңбек KZ» ақпараттық интернет порталында жарияланған ваканттық бос жұмыс орындарына жұмыс іздеуші болып тіркелген 1588 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында «Нұрлы жер» және «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы негізінде 11 жоба бойынша 68 жұмыс орнын ашу жоспарланып, 48 азамат жолданды.

Елбасының «Еліміздің болашағы жастардың қолында» деген сөзі өскелең ұрпаққа артылған міндеттің қаншалықты маңызды екендігін көрсетсе керек. Бұл бағытта жастарды жұмыспен қамту ісі де назардан тыс қалған емес. Айталық, 568 жас тұрақты жұмысқа орналасса, жастар практикасына 92, әлеуметтік жұмысқа 32, қоғамдық жұмысқа 128 адам жолданды.

Еңбек ресурстарын арттыру яғни жұмыс күші тапшы өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету бойынша Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарына қоныс аударуға ниет білдірген 11 отбасының (38 адам) мәліметтері жауапты мекеме арқылы қоныс аударатын өңірлерге жолданды. Қазіргі таңда екі жақты келісім жұмыстары жүргізіліп жатыр.

9 АЙДА 13132 ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ ПАДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Үстіміздегі жылдың 9 айында пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі 13132 шаршы метрді құрады. Өткен жылдың есепті аймен салыстырғанда 172 шаршы метрге артық немесе 101,3 пайызға орындалды.

Қаратау қаласындағы Б.Момишұлы көшесі №11 үйде орналасқан жеке меншіктегі бос тұрған 10 пәтерді сатып алуға 50 млн. теңге бөлініп, баспанаға мұқтаж әлеуметтік осал топтағы азаматтар мен көпбалалы отбасыларына берілді.

Сондай-ақ, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 3 мөлтек ауданындағы №17 көпқабатты үйді қайта жаңғырту жұмыстары биылғы жылға 482 310 мың теңге бөлінді. Бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын.

Бұдан бөлек 3 мөлтек


ауданындағы №15 үйді қайта жөндеуден өткізуді «ҚазФосфат» ЖШС-не қарасты «Шолақтау» тау-кен өндіріс кешені міндетіне алған болатын. Мекеме есебінен қолға алынған жаңғырту жұмыстарына тиісті қаражат бөлініп, құрылысы тамыз айында басталды. 72 пәтерлік көпқабатты үй жақын арада өндіріс кешенінде жұмыс жасайтын, көпбалалы отбасылары мен жас мамандарға және баспанаға мұқтаж жандарға беріледі деп күтілуде.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Асарлатып үй салу» жобасы да өз нәтижесін беруде. Бабадан балаға жеткен елді бірлікке, ынтымаққа бастайтын «Асар» дәстүрін қайта жаңғырту мақсатында басталған ізгілікті іс баспанаға мұқтаж талай отбасын қуанышқа бөледі. Жоба шеңберінде өткен жылы аудан бойынша 8 ауылдық округте көпшіліктің атсалысуымен тұрғын үй пайдалануға берілсе, үстіміздегі жылы тағы да 6 елді мекенде 8 баспана тұрғызу жоспарланған болатын. Тілеулес ағайындардың көмегінің арқасында осы жылдың өзінде 5 ауылда жоба сәтті жүзеге асырылып, отбасылар баспаналы болды.

Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өткелі отырмыз. Үш онжылдықтың бедерінде бағындырған белестеріміз аз емес. Оған атқарылар жұмыстар дәлел. Аудан көлемінде айтулы мерекеге орай іс-шаралар ұйымдастырып, өткізілуде. Ондағы мақсат-жас ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, тәуелсіздігімізді құрмет тұтуға шақыру. Өйткені, тарихын танып, дәстүрін біліп өскен жастан, отанын қорғайтын, үлкенді сыйлайтын азамат қалыптасады.

Жалпы, барлық салада жұмыс байқалады, ілгерулеушілік бар. Әсіресе, әлеуметтік саладағы жұмыстары көрсетіліп жатқан қызметтерден байқауға болады.

Біздің міндетіміз-аймақтың дамуына, халықтың тұрмыс-жағдайын жақсартуға қызмет ету. Өйткені, елдің өркендеуі халықтың өмір сапасымен өлшенеді. Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасында көтерілген мәселелердің түйіні де осыған саяды.



БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ» МАҚАЛАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ. ОНДА ЕЛДІҢ АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ БАСТАН КЕШКЕН ҚАСИРЕТІ КЕҢІНЕН БАЯНДАЛАДЫ. СОНДАЙ-АҚ, ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІН АЛАР ТҰСТАҒЫ ӨЗІ КҮӘ БОЛҒАН ТАРИХИ СӘТТЕР ӘНГІМЕЛЕНЕДІ. ТӘУЕЛСІЗДІГІН ЖАҢА ЖАРИЯЛАҒАН МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛДЫНДА ҚЫРУАР ЖҰМЫСТАР ТҰРДЫ. АУЫРТПАШЫЛЫҚТЫ КӨТЕРІП, МІНДЕТТЕРДІ АТҚАРА БІЛДІК. ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ІСТЕРДІ ЕЛБАСЫ НАҚТЫ ДӘЙЕКТЕРМЕН КЕЛТІРЕДІ. ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАҒА ҚАТЫСТЫ ОҚЫРМАНДАРДЫҢ ПІКІРІ ҚАНДАЙ? ЕНДЕШЕ, ОСЫҒАН НАЗАР АУДАРАЛЫҚ...

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК

Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың тілеуімен, батырларымыздың білегімен келген бақ. Оған азаттық жолындағы көзсіз ерліктер мен есепсіз шайқастар дәлел. Олардың барлығы тарих беттерінде таңбаланып қалды. Тарихыңды таныған сайын, тәуелсіздіктің құнын түсінесің. Жақында баспасөз бетінде жарияланған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласында өткеннен қалған өнеге мен бүгінгі жеткен биігіміз жайында кеңінен сөз қозғайды.

«Тәуелсіздіктің мән-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ, бір нәрсе ақиқат, ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы, – деген Елбасы түрлі зұлмат пен нәубетті бастан кешірген халықтың ерлігі мен ертеңге артқан сенімін, қайсарлығы мен қаһармандығын үлгі етеді.

Расымен, бір ғана XX ғасырдың өзінде қазақ елі аз азап шеккен жоқ. Бірінші Дүниежүзілік соғыс, артынша елді жайлаған ашаршылық, отызыншы жылдардағы зобалаң, тағы да соғыс, одан қалды 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Біз алдымен ауызға іліккенін қағазға түсірдік.

Халықтың жартысынан көбін жойып жіберген зобалаңдар, адамның қолымен жасалды. Соғысқа бауырымызды берсек те, намысымызды берген жоқпыз, ашаршылықта жақынымыздан айырылсақ та, дәстүрімізден айныған жоқпыз. Қиынға көніп, ауырды көтеріп ертеңге сенім арттық. Көп тілегі қабыл болды. Ол 30 жылдығын атап өткелі отырған Тәуелсіздігіміз. Сондықтан, бүгінгі ұрпақ ұлағатты ұғымның базасын білгі тиіс.

Үш онжылдықтың шеңберінде әлем таныған жетістіктеріміз, халыққа арналған игіліктер болса-ол Тәуелсіздік жемісі. Бүгінгі бейбіт күнге жету үшін аз күш жұмсалған жоқ. Талай тағылымды істің басында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тұрды. Мұны «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласын қарап шыққан жан тереңірек ұғынары сөзсіз.

Өткен мен бүгінді байланыстырған мақалада Елбасы: «Ең бастысы-еліміз аман, ұрпағымыз азат. Біз алақанға салып өсірген сол азат ұрпақ енді «Мен Қазақстаныма не беремін?» дегенді ойлауы керек, – деп жастарға бағыт ұсынады.

Ия, мемлекеттің баянды болашағын ойлаған әр жас құндылықтарды құрметтеп, қабілетіне қарай ел дамуына еңбек етсе, даламыз жайнап, қаламыз көркейе түседі. Осыны ұғынуымыз керек.

Ғарифулла БАЙКЕНЖЕЕВ,
Қызыләуіт ауылдық округінің әкімі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ



Көп ұзамай ең қасиетті құндылығымыз – ел тәуелсіздігінің торкалы тойын атап өтеміз. Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен

азаттыққа тандау жасадық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақстан үшін ол – үлкен белес, асқаралы асу.

Мұндайға тек рухы күшті, бірлігі бекем жұрт қана қол жеткізе алады. Арғыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далала ұлық ұлыс құрды. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан айкастарда үлере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының ата қонысын, қара шаңырағын сақтап қалды.

Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көңілін, таза тілін, әсем әні мен қоныр күйін, мәйекті мәдениеті мен бай әдебиетін қоса сақтап, ұрпағына аманаттай білді. Тамырын да, тарихын да, күш-қуатын да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері татулық пен келісімде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл осындай елдің ұлы мен қызы болу – әр қазақстандықтың маңдайына жазылған шексіз бақыт.

Адамзат тарихындағы ең айтулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында елімізді басқару маған үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілік жүктелді. Мен өзім басшылық еткен отыз жылға жуық уақыт бойына туған халқымның сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді аянбай жұмсадым.

Ерлік пен елдікті ту еткен, жасампаздықты жауап еткен халқымыздың дербес мемлекет құрғанының отыз жылдық торкалы тойы қарсаңында тәуелсіздіктен тағылым алу үшін бүгін туған халқыммен ой бөлісуді жөн көрдім.

АРМАНЫМЫЗ АҚИКАТҚА АЙНАЛДЫ

Тәуелсіздікке - 30 жыл. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, кейінгі ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Отыз жыл ішінде Қазақстан шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі.

1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптасты. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласында жан-жақты баяндап, кеңінен тоқталды. Мақалада ел егемендігіне байланысты: «Көп ұзамай ең қасиетті құндылығымыз – ел Тәуелсіздігінің торкалы тойын атап өтеміз. Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа тандау жасадық. Бүгінге дейін бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақстан үшін, ол - үлкен белес, асқаралы асу» - деп баға берді.

Тәуелсіздік күні жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар, өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады. Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымдызды иеміз. Отанымыз – Қазақстанға деген құрметтеу сезімін әкелетін Тәуелсіздік күні алға қарай тағы да берік сеніммен қадам басамыз. Тәуелсіздіктің тұғырлы туы мәңгіге желбірей беретіне күмән жоқ. Өйткені, қазақ деп соғар жүрегімен әрбір Алаш баласының жұмылатын тұсы, ешбір таусылмайтын ісі де осы Тәуелсіздік болуы тиіс.

Тәуелсіз еліміз өркендей берсін, ал біз - мемлекеттік қызметшілер, еліміздің алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылуына өз үлесімізді адал еңбегімізбен қоса береміз!

А.ТҮТҚЫШБАЕВА,
Талас аудандық соты кеңесінің бас маманы.

ҮЛКЕН БАҚЫТ

Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласында: «Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын», - дейді.

Рас, 1991 жылғы «Тамыз бүлігінен» кейін Кеңес Одағы құрамындағы елдер түгелдей өз тәуелсіздігін жариялады. Бұл уақыттар Одақтың іргесі шайқалып, ыдырауға бет алған тұс болатын. Жалпы, КСРО-ның тоқырау кезеңі бұдан бұрынырақ басталған еді. Елдегі тұрақтылықты сақтап, жаңа бастамаларға негізделген М.Горбачевтің «Қайта құру» реформасынан ешқандай нәтиже болмады. Керісінше, мемлекеттегі жағдайды одан ары ушықтырып жіберді.

Осы бір елең-алаң тұсты Елбасы былай суреттейді: «Біз ашуды ақылға, асығыстықты сабырға жеңдіріп, үнемі әліптің артын бағып, андысын андумен болдық. Маған батылырақ қимылдау үшін бүкілхалықтық мандат керек еді. Осылайша, 1991 жылы 1 желтоқсанда ел тарихындағы Тұңғыш Президенттік сайлау өткізіліп,

онда халықтың 98 пайыздан астамы қолдау білдірді. Бұл маған қанат бітіріп, әркін қимылдауыма жол ашты, - дейді.

Қазақстанды Тәуелсіз мемлекет ретінде жариялау үшін әлі талай жұмыстар атқару керек болатын. Бұл орайда келіссөздер өз тиімділігін көрсетті.

Тәуелсіздік алғаннан кейін барлық істі басынан бастау қажет болатын. Бұл оңай шаруа емес. Тәуелсіз мемлекеттерге тән символдар, оған қажетті реформаларды қабылдау кезек күттірмейтін мәселелер еді. Мұның барлығын ел болып атқара білдік. Оған Елбасы мақаласындағы деректер дәлел.

Жалпы, «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласын Тәуелсіздікке дейін және Тәуелсіздік алған кейінгі кезеңдер деп бөлуге болады. Барлық мәліметтер тарихи деректер мен хронологияға негізделген. Елбасы пікірлері сонысымен шынайы. Мақаланы оқуын адам тәуелсіздіктің құнын терең түсіне түседі. Әсіресе, бұл бүгінгі жастарға таптырмас ақпарат деп ойлаймын. Өйткені, елдің ертеңі-жастар.

Ерлан ӘНЕТБАЕВ,
Мәзарнаулы қызметтер ұсыну орталығының директоры, «Ізгілік» бастауыш партия ұйымының төрағасы.

БАҒЫТЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАҒАН БАҒДАР

«Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар: ол тәуелсіз Қазақстан» деп айтқан Елбасымыздың сөзінің үлкен мән-мағынасы бар. Қазіргі таңда Елбасының ұсынған «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығы еліміздің өркендеп өсуіне үлкен үлес қосады деген сенімдемін. Алтыншы «Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті» тармағындағы мәселеге қосар өз ойымды айтып өтсем. Тынымсыз еңбек еткен адамның алар асуы зор болады. Ал, сол еңбектің жемісін көру үшін, үздіксіз білім алып, әрқашан ізденісте болуымыз міндетті. Білімнің ешқашан шегі болмайды. Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінде «Елдіктің жеті тұғыры» қағидатын насихаттау мақсатында мектеп қызметкерлерімен дөңгелек үстел, барлық сыныптарға тәрбие сағаттары өткізілді. Елбасы ұсынған «Елдіктің жеті тұғырына» сүйеніп отырып, біз Тәуелсіздігімізді баянды етіп, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, терең білім мен адал еңбекке ден қойған жасампаз ел боламыз! Ұлық мерекеміз – ел Тәуелсіздігінің отыз жылдығы қарсаңында айтылған Елбасының аталы сөзі – жасампаз еліміздің болашағы жастардың адастырмас темірқазығы, жол сілтер бағдаршамы болатындығына кәміл сенімдімін!

Қуат ҚЫНАША,
Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі директорының құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

«Елдіктің жеті тұғыры». Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев күні кеше Nur Otan партиясының Саяси кеңесі отырысында осындай қағидаттар жиынтығын ұсынды. Тұңғыш Президент отыз жылда жеткен жетістіктерді сөз етті. Экономикасы қуатты, бірлігі берік елге айналдық деді. Енді, осы жетістіктерді қадірлеп, қорғау – келер ұрпақтың еншісінде екені айты.

2017 жылы Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланып, соның

негізінде «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама еліміз үшін бір сілкініс болды. Себебі, әр адам рухани жаңғыруды өзінен бастау керек. Баланы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап дұрыс тәрбие беріп, ана тілін үйретіп, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңіру де басты парыз деп білуіміз қажет. Ол үшін жасып деп салғырттыққа салынбай, балаға жәй бала деп емес, болашақтың егесі деп қарау міндетіміз.

Елбасы «табыстың кіл-ті үздіксіз білім алу мен

тынымсыз еңбек ету» екенін үнемі айтып келеді. Жалпы алғанда, Елбасы санамалап өткен бұл құндылықтар әрбір жастың жетістікке жету, қоғамға пайдалы адам болып, өнім беру жолындағы басты қағидаларына айналуы тиіс. Сонымен қатар, Қазақстанның ертеңгі келбеті қандай болатыны бүгінде әрбіріміздің отбасымызда тәрбиеленіп жатқан ұл-қыздарымызға байланысты екенін естен шығармау керек.

Аида ҚЫСТАУБАЕВА,
М.Әуезов атындағы орта мектеп директоры.

ОТАННЫҢ БАСТАУЫ -ОТБАСЫ

«Елдіктің жеті тұғыры» болашақ ұрпаққа жүктелетін тарихи миссия. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің отырысында «Мәңгілік Ел» мұратын жүзеге асырудың жеті тұғырын айқындап берді. Бұл жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын қағидаттар жиынтығы. Елбасының бір-бірімен үйлесім тапқан жас ұрпаққа Үндеуі барымызды бағалап, «Тәуелсіздік» деген киелі ұғымды сақтап қалуымызға жол нұсқайды.

Мемлекет қанша жерден экономикасы дамыған, мәдениеті жоғары, болса да, әлеуметтік орта ыңғайлы болса да, отбасындағы жағдай ыңғайсыз болса, елдің дамуына кедергі болады. Отанның негізі отбасы болғандықтан бұл өте орынды түсінік. Ол үшін ең алдымен отбасы институтын қадағалап, сол отбасындағы әлеуметтік рөлдердің атқарылуын, әкенің әке болып, ананың ана болып жауапкершілік алатынын ұмытпауымыз керек.

Мемлекеттілігімізді қадірлеп, көздің қарашығындай қорғау – әркімге де міндет. Алайда экономикалық жетістіксіз мемлекет болып қалыптасу екіталай. Әсіресе, дәл қазіргідей дүниежүзін экономикалық дағдарыс жайлаған шақта бұл өте өзекті мәселенің бірі. Ал, этникалық әрталуандық – біртұтас ұл ретінде қалыптасқан халқымыздың артықшылығы. Себебі, бірлік пен келісім болмаған жерде тұрақтылық та мәнін жоғяды. «Енді ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғау, оны болашақ ұрпаққа мирас ету – біздің ортақ борышымыз», - деді Нұрсұлтан Назарбаев. Осы жолда жұдырықтай жұмылып, аянбай еңбек етіп, жауапкершілік таныту қажет.

Анар ҚЫНАТБЕКҚЫЗЫ,
А.Байтұрсынұлы атындағы гимназияның мұғалімі.

ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА – 35 ЖЫЛ

Әбіірбек әлемі

Қамысбай САУҚЫМОВ, «TALAS tynysy».



Ұлбике ақын атындағы мәдениет орталығында әнші, сазгер, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері, жерлесіміз Әбіірбек Берденұлы Тіналіевпен кездесу кеші өтті.

Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ар-намысым, қасиетім, мақтанышым - Желтоқсан» атты кешке арнайы шақырылған Әбіірбек Берденұлы өзінің өмір жолынан сыр шертіп, біраз әннің авторы атанғанын, ән сүйер қауымның «Анамның тілі», «Фариза», «Толғанай», «Желтоқсан желі», «Әттең – ай», «Ұрпақ үні», «Сәлемдеме» секілді әндерін жылы қабылдағанына ризашылық білдірді.

- Сіздерден түскен сауал бойынша енді «Желтоқсан желі» әнінің дүниеге келуі жөнінде бір – екі ауыз әңгіме айтайын, - деп бастады келесі сөзін Әбіірбек Берденұлы, - 1986 жылдың 16 желтоқсаны мен 18 желтоқсаны аралығында Алматыдағы Брежнев алаңында бүкіл әлемді дүр сілкіндірген қазақ жастары көтерілген Желтоқсан оқиғасы жүріп жатты. Оған қатыса алмасам да, Жамбыл

қаласындағы драма театрда қызмет етіп жүрген мен де қатты ширықтым, бойымда рух пайда болып, жұдырығым түйілді.

Одан әрі сазгер көшеде ынылдап жүріп, белгісіз әуеннің көкейіне қонақтай бергенін еске алып, Жамбылда жүрген жерлес ақын Әбдірахман Асылбековке жолыққанын баяндады.

- Аға, - дедім Әбекенге салған жерден, - мына бір әуен көкейімнен кетпейді. Осы әуенге салып, Желтоқсан оқиғасына арнап сөзін жазып берсеңіз қалай болады?

Ол бір бұғып жүретін бұғаулы күндер еді ғой. Әбдірахман ағамыз да ат – тонын ала қашыпты. Сонымен не керек, ойласа келе, 1969 жылдың ауыр қысы туралы өлең жазылып, ол «Анамның тілі» деп аталған екен. Бірақ мазмұны желтоқсан оқиғасы туралы болған.

Әбіірбек Тіналіев өзімен бірге ән айтатын Жүніс Әлібек атты әнші екеуі әлгі әнді қанша жерге апарса да, ешкім қабылдамапты.

Содан желтоқсанның 20 – жылдығында сырт жаққа шығуға рұқсат беріліп, Алматыдағы Қазақстан радиосына барады. Ондағылар әнді лентаға жазып, бірақ эфирге шығаруға қарсы болады.

Жүніс пен Әбіірбек салы

суға кетіп, Брежнев алаңымен бей – жай келе жатқанда:

- Әй, жігіттер! Көңіл – күйлерің жоқ секілді, қайдан келесіңдер? – деген жуан дауысқа жалт қараса, жандарында әдемі киінген жігіт ағасы тұр екен.

Екі әнші жағдайларын түсіндіріп айтқаннан кейін әлгі кісі?

- Менімен бірге жүріңдер. Әнді тындап көрейік, - деп оларды Қазақ радиосына қайта ертіп келді.

Сол жерде лентаға жазылған әнді алдырып,

ән, 4 – 5 жылдан соң «Желтоқсан желі» деген атпен бүкіл Қазақстанға тарады.

Тағы бір айта кететін жәйт, осы әннен соң мені үлкен сахнаға шығармай қойды, - деп Әбекен сөзін аяқтады.

Бұл кеште Әбіірбек Тіналіев Желтоқсан оқиғасына арналған өзінің «Желтоқсан желі» «Қайрау» әндерін (қазіргі кезде бұл әнді сахнада Мейрамбек Беспаев орындап жүр) орындаса, кешке арнайы шақырылған Мәдениет саласының үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Бақыт Шағырбаев «Қарабауыр қасқалдақ» «Дәуір тұлғасы» (Д.А. Қонаев туралы) әндерін әуелетіп, көрермендердің ықыласына бөленді.

Кеш соңында, сахна төріне аудан әкімі Қанатбек Қайшыбекұлы Мәдібек



тындайды да, - бейтаныс кісі бұлармен 50 минуттай әңгімеледі.

Әңгіме соңына қарай ол өзін Қиял Садавин деп таныстырады. Сөйтсе, ол Мюнхендегі «Азаттық» радиосының Қазақстандағы меншікті тілшісі екен.

- Ертең сол «Азаттық» радиосынан сендердің әндерің мен әңгімелеріңді беретін болады, - деп қоштасады. Сөйтсе, ол кісі бәрін лентаға жазып алған екен.

- Келесі күні Алматыдағы «Қазақстан» қонақ үйінде жатып, әніміз бен айтқан әңгімемізді тыңдадық. Әнімізді көпшілікке бірінші болып шет елдік радио жеткізді. Бұл біз үшін үлкен қуаныш еді. Содан кейін ол

шығып, көпшілікті алда келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап, Желтоқсан оқиғасы сол азаттығымыздың бастау көзі болғанын, 16 – дан 20 – 22 жасқа дейінгі өрімдей қыз – жігіттердің ел азаттығы жолында бастарын қатерге тіккенін айтып, осындай әсерлі кештің себепшісі болған Әбіірбек Тіналіев пен Бақыт Шағырбаевқа алғыс білдіріп, ата – баба жолымен нықтарына шапан жапты.

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС – СЕМИНАР

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
МАҚСАТЫНДА

Талас аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Қараой ауылдық кітапханасында «Кітапхана жұмысын тиімді ұйымдастыру: жаңаша көзқарас» атты аудандық және ауылдық кітапханашылары арасында көшпелі кеңес-семинары өтті.

Семинар кітапхана жүйесіндегі мамандардың міндеттерін айқындау, кәсіби дағдылар мен бөлісу, қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

«Кітапқа деген сүйіспеншілік тудыру - әрбір кітапханашының міндеті, борышы», - деген Шынар Жұмабекова кездесуді ашып берді.

Бүгінгі таңда кітапханашылардың кәсіби шеберлігіне, білік өрісіне, зиялылық және танымдық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр.

Семинарды әдістемелік-библиографиялық бөлімінің басшысы Айгүл Мұратбекова жүргізді. Семинарда, «Көрсеткіштік іс-шара» айдары бойынша Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Елім деп соққан жүрегім» тақырыбындағы патриоттық кешті Қараой ауылдық кітапхана меңгерушісі Аида Бапаш мектеп оқушыларымен өткізді.

«Менің іс-тәжірибем» айдары бойынша «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында өткен Әділ Ахметовтің «Гайып болған миллион» атты шығармасын іс-шарада Сәду Шәкіров ауылдық кітапханасының меңгерушісі Жаркынай Жамалбаева таныстырды. «Алтын тостағанды іздеу: Бату мен оның достарының бастан кешкендері» атты буктрейлер іс-шарасын Бостандық ауылдық кітапханасының меңгерушісі Ж.Тоқаева таныстырды. Суырыпсалма ақын Ж.Жабаевтың 175 жылдығына «Жыр алыбы - Жамбыл» айдарымен Есейхан ауылдық кітапханасының меңгерушісі Нағима Алшерована әдеби жыр кешін өткізсе, «Кітапхана – ғылым, білім және мәдениет орталығы» атты тақырыпта аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Л.Айтбаева баяндама жасады. Каталогтау және әмбебап ондық жіктеу – әлемдік сандық жүйе» тренингін кітап қорын өңдеу және толықтыру бөлімінің басшысы Құлаш Бекмұраева өткізді.

Семинар соңында кітапхана әдіскері Анар Қалыбекова «Креативті кітапханашы» сергіту сағатын ұйымдастырып, кітапханашылардың өз білімін ортаға салуына ықпал етті.

Өткізілген семинар жастарға кітапханалық қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатындағы осындай іс-шараларды өткізудің маңыздылығы мен қажеттілігін растайды.

Семинар жұмысын ОКЖ директоры Жұмабекова Шынар Шенгелбайқызы қорытындылады.

Семинар мамандарға үздік инновациялық тәжірибемен танысуға, осы бағыттағы өз қызметін талдауға, болашаққа қызықты жоспарлар белгілеуге мүмкіндік берді.

Анар ҚАЛЫБЕКОВА,
Талас аудандық кітапхана әдіскері.

Мемлекеттік қызметшілер сайысы

Қамысбай САУҚЫМОВ, «TALAS tynysy».

Аудандық орталық кітапхананың оқу залында мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мемлекеттік қызметшілер арасында «Тіл шебері» атты байқау өтті. Онда сайыскерлер «Елтаным» (қазақ елінің тарихы, тұлғалар), «Сөз-таным» (мақал – мәтелдердің мәні мен мәнін түсіндіру) және «Ойтаным» (мемлекеттік тілде эссе жазу) шарттары бойынша қазақ, орыс тілдерінде өз бағын сынады.

Қала мен ауылдық округтер әкімі аппаратынан қатысқан жеті үміткер өз білімдерін барынша жоғары деңгейде дәлелдеуге тырысты.

Жалпы алғанда, бәрінің де жеңіске деген құлшынысы көрініп тұрды. Бір тақырыпты қазақ, орыс тілдерінде түсіндіріп беру қиындық туғызғанымен, ол тығырықтан да шыға білді.

Байқау қорытындысы бойынша өз



білімін дәлелдей білген кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы Алмасхан Абдикеримов бас жүлдені қанжығасына байласа, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Шыңғыс Рысбек 1 – орын иегері атанды. Ал, Берікқара ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Дастан Сыбанбаев пен Үшарал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Айгүл Ергешова 2 – ші және 3 – орындарды өзара бөлісті.

Байқауға қатысушыларға бағалы сыйлықтар табыс етілді.

СОТТА ӨКІЛДІК ЕТУ

Талас аудандық сотында, онлайн режимде, сотқа өкілдік етіп қатысу үшін заң консультанттары палатасының тізілімінде болуы және жалған өкілдердің қатысу фактілеріне жол бермеуін түсіндіру мақсатында «Сотта өкілдік ету» тақырыбында семинарлық сабақ өткізілді. Жамбыл облысының заң консультанттарының палатасының заңгерлері Р.Кишкеевтің, Ф.Көрпетаевтың, А.Пережогиннің және Жамбыл облыстық адвокаттар алқасының адвокаты А.Амонованың қатысуымен өткізілген семинарда судья Б.Жармұхамбетов қатысушыларға сотқа өкілдік етуге қатысатын өкілдермен ұсынылатын құжаттардың мұқият тексерілетінін, жалған өкілдердің қатысу фактілері анықталған жағдайда уәкілетті органды хабардар ету арқылы тиісті шаралар қабылданатынын түсіндірді.

ҚР АПК-нің 58-бабының 1-бөлігі 6- тармақшасында «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын адамдар сотта тапсырма бойынша өкіл бола алады деп көрсетілген. Заң консультанты - жоғары заңгерлік білімі бар жеке тұлға, заңгерлік еңбек өтілі екі жылдан кем емес, аттестациядан өткен, заң консультанттар палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін тұлға болып табылады.

Сотта өкілдік етуге ҚР АПК-нің 61-бабының 5 бөлігінің талабына сәйкес, осы Кодекстің 58-бабы бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өкілдердің өкілеттіктері сенімхатта немесе сот отырысына сенім білдірушінің жеке өзі қатысқан жағдайда, оның сот отырысының хаттамасына енгізілген ауызша мәлімдемесінде көрсетілуі мүмкін. Осы Кодекстің 58-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көрсетілген өкіл заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат ұсынады. Заң консультанттары Әділет министрлігінде тізілімде болуы тиіс, бұл тізілім тісті органмен интернет-ресурста ашық жарияланады, - деп заң талаптарын түсіндірді.

Судья Б.Жармұхамбетов семинарға қатысып отырған заң кеңесшілеріне заңмен белгіленген талаптарды сақтауды, сотқа өкілдік етіп қатысу үшін заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжаттарды тиісті түрде сотқа тапсыру қажеттігін ескертті.

А.АМОНОВА,
Жамбыл облыстық адвокаттар алқасының адвокаты.

Ана тілім -
байлығым

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек.

Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ал, ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың.

Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеруге міндетті. Тіл-ұлттың жаны. Ал, ұлттың болашағы - оның ана тілінде. Тіл-халықпен бірге өмір сүріп дамиы, әр ұлттың тілі оның бақыты мен тірегі.

Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті. Мен ана тіліммен мақтанамын және мемлекеттік тілді құрметтеймін.

Гүлмира ЖАҚИШБАЕВА,
Талас ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімінің іс жүргізушісі.

ӘБІЛДӘ БИ

оның биік туғанына 115 жыл толады

Батырды екінің бірі туады,
Биді ілуде біреу табады.

Халық мақалы.



1964 жылдың қысы өте суық, бұлтты сұрғылт. Күні жылусыз, өлімсіреген жанның жанарсыз көзіндей мөлиеді. Түні тұла бойынды түтіп жіберердей сарышұнақ аяз. Жылы мезгілдері аз. Әбілдә бидің мазасызданатыны ауа райы емес. Бас қосқан жердегі әңгіме төркіні: «Ел ашыға бастады. Ана үйде екі уыс-ақ үн қалыпты. Түгенішенің үйі іші жүгеріні талғажу етіп отыр»-дегенге саяды. Әр үй басына адам санына қарай орталық көшедегі наубайханадан 100-150 грамм ыржанай (ржанной) нан бөлкесі өлшеніп беріледі. Оны алақаныңа алып мыжсаң қамырға айналады, жесең жүрегің қыжылдайды.

Сейдахмет кожа бидің көршісі, Ілкі іргесінде ақ түйелі Оспан, ағайыны Мотай, күнбатысында Әби мен Арал, мына қабырғасында –Ақайдың үйі, Бөпетай бәрінен үлкені, жүзінді алқымдаған қария. Күні кеше бәрі Рсмаханнның үйіне жиналған. Сөзден - сөз шығып:

-Биек, - деді отырғанның ішіндегі сөзі батымдысы,- ауруы жасырғанды өлім әшкере етеді демей ме? Рас, аштан өліп, көштен қалмаспыз.Сөйткенмен де қара нанға да жете алмай отырған үйлер жоқ емес. Соларға көмектесудің іләжін тапсақ па деп отырмыз.

Әбілдә би төр алдында молдастап отыр. Қырғи тектес, сарғыш өңді, қой көзді, қагілездеу, шапшаң қимылды кісі. Ол – ішігін серпіп тастап, жаға-жеңі кең пішілген ақ көйлек пен әдемі пешпет киіпті. Сөйлемесе ойланyp, көзін жұмғандай, аузын ашса бітті – қыранша шаңқылдап сөйлейді. Отырғанның көбі бидің аузын бағайды.

-Ия, -деді Әбілдә би қозғалақтап, -айтып отырғанның бәрі жөн. Осы совхоз құрылғанда мен дүкенші едім. Сол кездегі директорымыз Курков: «Әбілдә, үн мен қант шайды совхоздың жұмысшыларына ғана берсең»-деп күнде тапсырады. Жан-жағымыз аш-жалаңаш адамдар. Аркадан ауып келгендерді қойшы, ауыл ішінде де колхоз совхоздан қашып құм-құм жыңғыл-шенгелді сағалаған ағайындар ақсыз қалғанда тәуекел еттік –ау...

-Ойбай-ау, -деді Сейдахмет, -содан пайда таптыңыз ба? Қызметіңізден ажырай жаздаған жоқсыз ба?

-Жә. Мен мұны бір мақтангершілікпен айтып отырғаным жоқ. Өткенсіз бүгін және де жоқ. Елдің пейілі де тарылып кетті. Көрген қиыншылықты көпе-көрнеу ұмыттық. Қашан көрсен де қамсыз қазақ. Үш жылдың емес үш күндікті ойламайтындар көбейді. Аузына арақ тисе Алласын ұмытатындар бар.

Би тап осылай дегенде отырғандардың шеткерісі төмен қарап жер шұқылап қалды. Көбінің іші сезіп, соған қарасты. Ананың жүзі шыдамады. Қипақтап-сипақтап отырып, сыртқа шығып кетудің ретін тапты ақыры.

-Түнеукүнгі көкпарды арақсыз өткізгелі бері ел риза, - деді Әби әңгімені қыздыра түсті.

-Биек, жаңа ашаршылықты дұрыс еске салдыңыз, - деді Сейдахмет, - әрине, ол заман келмеске кеткен. Кәзит оқып отырсақ, Хрущевтің аянып жатқан ештемесі жоқ сіре. Нина Петровна екеуі дүниежүзін аралап, Кеңес өкіметінің абыройын қайтсем асырамын деп жүр.

-Ия, ия, - деп бір-екеуі бас шұлғысты. Би іштей ойда. Ия, демеске, бас шұлғымасқа шама қайсы. Соғыстың қайнап жатқан тұсында, Көлбастаудан үш жүз бас ірі қараны Ұшаралдың құмына қыстатпаққа совхоз директоры Жұмасейітовті көндірді. Ауылға келсе, ел әбден жұдеп қалған. Қызылсырап отырғандары жүдә көп. Көріп тұрып, шыдасын ба, екі қараны сойдырып, қырық жілік етіп таратты да жіберді.

НКВД-інің қырағы көзі сол ауылдың «салпаң құлағы» ауданға дереу адам шаптыртты. «Ойбай, Тойшыманның Әбілдәсы соғыста жауынгерлер жан алып, жан берісіп жатқанда, тылда мемлекеттің мүлкін талан-таражға салуда»-деп. Сотта: «Өзімнің еңбекқымның есебінен сойғыздым» деген уәжіне қарай ма, «халық жауы» ретінде он жылға соттады да жіберді. Ажалы жоқ екен, бір жылдан кейін Ақтөбедегі түрмеден ақталып елге оралды...

Келсе, Сымық Бертаев «Талас» совхозының директоры екен. Батырдан еш кемдігі жоқ, гвардия подполковнигі. Бетіне ешкім келмейді. Азамат, мұны ферманың

аға жұмысшысы етіп, бұйрық берді де жіберді. Әне, сондай – сондай сұмдықты көріп, басынан кешкен жұрт әбден шая болып қалған. Өкімет түгілі, ферма бастығының бетіне тіке қарап сөйлей алмайды. Төмен қарап мыңқылдайтындар көп. Содан да болар мына әңгімені совхоз директорына жеткіз деп айтуға біразы бата алмай отырған сыңайлы. Жұрттың көкейіндегі ойды Мотай айтты:

-Совхоз директорына айтып, сырттан бидай әкелуге көлік сұрасақ жөн болар еді.

-Көлігін берер-ау. Сол бидайды сатып әкелуге жұрттан қаражат жинатқанымыз дұрыс. Соған, осы отырған ақсақал-қарасақалдарыңыз мұрындық болсаныздар. Әсіресе, жоқ-жітікке көмектесейік. Беретін түгі жоқ болса басы мен болып қарасайық, - Би осылай көсіле сөйлеп кетті.

-Жөн, жөн.
-Ешкім шет қалмасын.
-Перме бастығына шейін айтайық.
Отырғандар осылайша бір батуаға келген.

Ертеніне Әбілдә би «Талас» совхозының директоры Сағынтаев Әбдірге тікелей жолықты.

-Ел ашығып, бидай жинап жүр десе, саясатқа сәл қиыстау, - деді ол бірден би ыңғайына көнсе де, - өзім де мына таулы өңірден мал азығын сатып алсам ба деп жүр едім. Соны негізге алып, Сізді өкіл етіп жіберейін.

Жарты сағаттан кейін мынадай бұйрық пен қатынас қағазы дайындалды. Онда: «Жуалы ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы Жигалкинге: «Талас совхозы №3 ферманың аға жұмысшысы Абдолла Тойшыманов шаруашылықтың малы үшін жем-шөп дайындауға жіберіледі. Соған, мейлінше қолғабыс етулеріңізді сұрамын» деген сөздер жазылыпты.

Бір аптадан соң шаруашылықтың оншақты көлігін алып Абдолла би Жуалыға аттанып, ол жактан олжалы оралды.

Сол жылы қазанда Н.С.Хрущев орнынан алынды, қарашада халықтың аузы ақ нанға тиді.

Кеңес өкіметі тұсында қазақтың ескі салт-дәстүрімен би атанып, Ұшарал ауылына ғана емес, бүткіл

ТОП ЖАРҒАН БИДІҢ БІРІ ЕДІ

Үлгі болған ауылға,
Ұйытқы болған қауымға,
Қарсы жүрген дауылға,
Қармай нәсер, жауынға.

Жақсылармен кеңескен.
Жайсаңдармен теңескен,
Әбілдә сынды ардағын
Шығармайды ел естен.

Әбілдә биді құрметпен,
Ауылға берді көшені.

Ұпақтары жетіледі,
Азамат болып көшелі.

Еске алып сөзін жетелі,
Әбілдә бидің кешегі.

Топ жарған бидің бүгінгі
Маңдайының бағы бес елі.

Қуатбек
ЖОЛМУХАМБЕТҰЛ,
ардагер ұстаз.

Талас ауданы, арысы Жамбыл облысына сыйлы болған Абдолла би Тойшыман баласының бұл бір ғана елдік ісі.

Оның ауылдағы өзі туған жылы пайдаланылуға берілген Абдолла ишан мешітін Кеңес өкіметі қиратып, қоймаға айналдырғанда елді

ұйымдастырып қалпына келтірудегі ерлік ісі өз алдына бір әңгіме: «Би» деп айтуға төңірек бата алмағанда, өзі сондай құрметті иеленген аудан, облыс, республикадағы тұлғаның бірі. Ашаршылық, соғыс жылдары ата-мекенін тастап алысқа – Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан асқан ұшаралдықтардың денін би арнайы барып үгіттеп, туған мекендеріне оралдырды.

- Осынау ғажайып, XX ғасырдың айтулы соңғы биі, артында сөз бен іс қалған Абдолла Тойшыманұлының туғанына 115 жыл толып, өмірден өткеніне отыз алты жыл өткелі тұр.

Әбілдә бидің ұрпақтары да әке атына кір келтірген емес. Іскерліктерімен, қайырымдылығымен халық алғысын арқалаған жандар. Жақсыбегі, Асқары, Рысбегі ірі қызметтер атқарды. Елдің алғысын алған азаматтар. Бәрі бақилық болып кетті. Қыдырбегі, Кәдірбегі әке жолын жалғастырып, өсіп-өніп, сыйлы ақсақалдарға айналды.

Міне, бидің ұрпағы әкелерін ұлықтап, 115 жасқа толуы құрметіне орай бата беруден аудандық билер байқауын өткізуге ниеттеніп отыр екен. «Жақсының аты қалады», - демекші Әбілдә бидің есімі қалары анық.

Сәулембай ӘБСАДЫҚҰЛЫ,
Талас аудандық Билер
кеңесінің төрағасы.

ӨЗ ҰЛЫМЫНЫҢ АРЫ МЕН НАМЫСЫ

Биыл Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығын ел аумағында кеңінен атап өтуде. Иә, Әлихан ағамыз ұлттың жүрегі мен қаны, жаны мен ары болды.

Санкт – Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқып, білім алды.

Студенттік кезеңінде Ресей империясының көздеген мақсаты мен алған бағытын жете түсініп, студенттік қозғалыстарға белсене қатысты. Оқуын тәмамдаған соң Омбыға келіп, жер экспедициясы жұмысына араласады. Осы жер мәселесімен айналыса жүріп, қазақ даласына қатысты Ресей патшалығының көздеген мақсатын айқын түсініп, олардың отарлық саясатын байқады.

Міне, осы кезең оның күрескерлік жолын шыңдайды. 1905 жылы Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысып, онда қазақ халқының жоғын жоқтағаны тарих бетінде сайрап тұр. Съезде қазақ халқының тіл, дін, сайлау бостандықтарын қозғап, мәселе көтереді.

1917 жылы жалпықазақ съезі өтіп, онда «Алаш» партиясы құрылды. Ал, осы жылдың аяғында қазақ мемлекеттігі жөніндегі съезд өтіп, уақытша «Ұлт Кеңесі» құрылды. Оның аты «Алашорда» болсын деген шешім қабылданады. Осы жерде Әлихан Бөкейханов Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ қайраткерлерімен бірге Кеңес өкіметі билігіне қарсы күресті. 1918-1919 жылдары Алашорда жасақтары қызыл әскерге қарсы шайқасты.

Оның ғылыми жұмыстары да жоғарғы бағаға ие болған. Қазақтың қой шаруашылығы туралы сүбелі еңбегі 3 бөлімнен тұратын кітап болып Томбы қаласында басылып шықты.

Халықтың сана – сезімі мен ұлттық мәдениетін көтерудегі баспасөздің орасан зор маңызын бағалай білген Әлиханнның атқарған ісі, кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат – мұрасы – біз үшін баға жетпес байлық. Қазақ халқының тәуелсіздігін аңсаған Әлихан Бөкейханов: «Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» - деп көрегендікпен айтып кеткен.

Кемел жолы – кемел жол Жас ұрпақ ол жолды ары қарай жалғастыра береді.

Абылай ЖЕТПІС,
Абай атындағы негізгі мектептің 9-сынып оқушысы,
Қайыр ауылы.

Азаттық таның аңсаған АЛАШ АРЫСЫ



«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын»
Әлихан БӨКЕЙХАНОВ

Әр ұлттың, мемлекеттің тарихында рухани байлықты кеңейтетін, терендететін ұлттың сана-сезімінің қалыптасуын, оның қызмет динамикасының ырғағын жана сапалы биіктікке көтеретін қоғамдық, яғни ресми қозғалыс, әлеуметтік топ, партия дүниеге келеді де, сол ұлттың мемлекеттік келешегі үшін әлемтанымдық, адамтанымдық, ғылымтанымдық теңсіз дүние қалдырады. Қазақ ұлтының тарихында сондай қозғалыс, сондай партия – Алаш қозғалысы. Жалпы, қазақ халқының тарихында азаттық ансап, өз елінің тәуелсіздігін қорғаған тарихи тұлғалар аз емес. Әйтсе де, Алаш қайраткерлерінің олардан бір үлкен айырмашылығы мен ерекшелігі бар. Бұған дейінгі бостандық үшін басын бәйгеге тіккен ұлы тұлғалар тәуелсіздік

жолында ақ найзаның ұшымен күрескен болса, Алаш қайраткерлері саяси жолмен партия құру арқылы күресті. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың құндылықтарымен сусындаған халқымыздың біртуар ұлдары болды. Соның ішінде Әлихан Бөкейхановты атап өтпеске болмас.

Әлихан Бөкейханов көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда өкіметінің төрағасы. Туған жері бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын

болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы.

Алаш арысы «Қазақ тарихы» айдарымен «Қазақ» газетінде шыққан мақаласында, – «Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ әдегіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтау» – деп жазды. Мұнда Әлихан өзінің «көшпелі мәдениетінің» мұрасын сақтау мен өз алдына жеке ұлт болып жасау құқығы үшін қазақтар саяси күресін бастауға тиіс деп есептеді. Осы мақсатына жету үшін, қазақтар рулық жікшілдігін қойып, өздерін мұң – мүддесі бір және болашағы ортақ бір халықпын деп сезініп, сол көздегеніне «бір жағадан бас, бір жөннен қол шығарып», ұмтылуға тиіс деп санады.

«Қазақ» газетінде жарияланған басқа да мақала – ізденістерінде қазақ зиялыларының лидері қазақтың «кір жуып, кіндік қаны тамған жеріне» деген құқығын мойындамай, оның барлық жер-суын «қазына меншігі» немесе «орыс патшасының меншігі» деп жариялаған отаршыл әкімшіліктің ұлттық антагонизм саясатын батыл әшкереледі. Ол орыс әкімшілігінің саясаты көшпелі қазақтарды күшпен қоныстандыруды (жерсіндіруді) ғана емес, қазақтың қайталанбас ұлттық мәдениетін жоюды көздейтінін дәлелдеуге барынша тырысты. Мұны жоғарыда «Қазақ тарихы» айдарымен берген мақаласында атап көрсетті. Сонымен қатар, 1913 жылы осы «Қазақ тарихы» деп аталатын мақаласында Алаш атауына тереңірек тоқталып, Алаш атауының астарында «жетекші» деген мағына


жатқанын айтады. «Жошы ханды» халық «Алаш», -деп атап кетті. Бұл «Алаштың – алаш жұртының басшысы» екенін білдіреді», -деп жазады «Түрік баласы» («Қазақ», 1913, №7). 1917 жылы қараша айында өткен Құрылтай жиналысының сайлауында қазақтардың басым көпшілігі «Үш жүз» партиясын емес, «Алаш» партиясын қолдады, сойтіп «Алаш» партиясы 43 депутаттық мандатты иеленді. Бұл тарихи сәт 1917 жылға қарай отарлықта отырған қазақтың «Алаш» идеясы, туы және ұранымен ұлт болып қалыптасқанын аңғартып сәт болды. «Алаш» идеясы қазақ ұлтшылдығының идеясы, ұраны болып, ұлттық бірлік пен қайта өрлеудің туы ретінде 1930 жылдардың соңына дейін салтатп құрып тұрды.

Қазақтың тарих көшінің бағыт-бағдарын белгілеп, ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін жұрт жұмысының әрқайсысының тарихымыздағы өзіндік орны, ұлттымыздың оянуына, өркендеуіне сіңірген зор еңбегі бар. Ол айдан анық. Алайда, солардың арасында қайсар мінез, табанды қайраткерлік болмысымен, саяси күрескерлік рухының биіктігімен және жан-жақты білділігімен, бүгін бір елдің тағдыры мен өтін алдыңғы қатарлы зиялы қауымын қалыптастыру, азаттық үшін бірігіп күресу жолында көшбасшылық қасиетімен ерекшеленіп, дараланып тұрған ең көрнекті тұлға – Әлихан.

Аяна АЛЛАБЕРГЕН,
Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы гимназияның
10-сынып оқушысы.



БАЛАЛЫҚТАН ДАНАЛЫҚҚА немесе ұлттық құндылық туралы



**Жуатбек
ЖОЛМУХАМБЕТҰЛЫ,
Қараой ауылы
ардагерлер және Билер
кеңесінің төрағасы.**

«Болашақ жастардың қолында» - деген сөздің қазіргі жастарға да, үлкенге де, ақсақалдарға қатысы бар деп бағалау орынды. Өйткені, жастар жаңа өскін тал шыбық сияқты, дұрыс баптамасан, қисық-қыңыр болып өседі. «Тәрбие – тал бесіктен басталады» - деген тәмсіл өте дұрыс айтылған. Сондықтан, үйде ата-ана, мектепте мұғалім, сынып

жетекшісі, психологтар мен тәрбие ісіне жауапты қызметкерлер, ауыл өмірінде қариялар, ардагерлер және билер кеңесі жастар тәрбиесіне ерекше жауапкершілікпен қарап, қамқор бола білуі керек.

Қыркүйек айында Қараой ауылы тұрғындарының жалпы жиналысы өткізіліп, күн тәртібінде ауыл округі әкімінің ұсынысымен, аудандық ардагерлер кеңесінің, аудандық билер кеңесінің келісімімен белгіленген кәсіби емес медиаторлар таныстырылып, олардың құқығы мен міндеттері көпшіліктің назарына ұсынылды. Сонымен бірге, ауылдық ардагерлер кеңесінің есебі тыңдалып, алдағы міндеттері белгіленді.

Ауылдағы билер кеңесі мен ардагерлер кеңесінің құрамы бекітілген соң, аудандық билер кеңесінің төрағасы Сәулембай Әбсадықұлының өтінішімен мектеп директоры Ерболат Карибозов мектептегі бір бөлмені «Медиация кабинеті» ретінде бекітіп берді.

Осыған орай, мектептегі ата-аналар жиналысына

қатыстым. «Діни экстремизм», «Кәмететке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу» туралы баяндама жасадым. 9-11 сынып оқушыларымен құқық мәселесі жөнінде әңгіме өткіздім. «Отбасы құндылығы», «Құрал және құндылық» тақырыбында сұхбат-әңгіме өткіздім. Оқушылардың қызығуы мен әсері ерекше байқалды. Психологияда (логотерапия) «Құрал және құндылық» деген ұғымға тоқталайық. Мысалы, математика, физика, химия, шет тілі сияқты пән атаулының бәрі құралға жатады. Ал, ар-ұят, махаббат, уәдеге берік болу, еркіндік, жауапкершілік, кешірім, тәубе ету сияқты адами қасиеттері экзистенцияға (үнемі дамып отыру) яғни құндылыққа жатады. Сондықтан, құралға - мектеп жауапты, құндылыққа - ата-ана жауапты. Яғни, баланың кеудесін құндылыққа толтырумен ата-ана, мектеп айналысуы керек. Балаға құндылық бермесек, өсе келе санда бар, сапада жоқ «қуыс кеудеге» айналады.

«Құндылық және мораль»

туралы тарқатып айтсақ: «Мораль нұқу үшін емес, тұтыну үшін берілген». ХХІ ғасырда жастарға ағыл-тегіл ақыл айту бекер. Мұның пайдасы былай тұрсын, көп жағдайда теріс нәтиже береді. Ал, құндылық туралы не айтуға болады? Ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі әдіс бар. Ол балаға иләһи мазмұны бер ертегі, аңыз-қисса, жыр-дастан, мәнді тәмсіл, оқып беру, сұхбат жасау. Енді, осы мәселені тәрбиеші мамандарға түсінікті болу үшін тарқата айтсақ:

1-ші: Жасампаздық құндылық. Дарыны мен өнерін шығармашылық алаңда көрсету. Ұрпаққа гибратты із қалдыру.

2-ші: Сезім құндылығы. Табиғатты тамашалау, аялау, сезімтал адамдармен рухани сұхбатқа жиі түсіп, өмірінді мағынамен байыту.

3-ші: Позиция құндылығы. Кесел кісілерге арналған «Қайсар рух» позициясы,

Қазір Қазақстан сауаттылық рейтингі бойынша әлемде алғашқы ондыққа кіреді. Тұрғындардың 99,8%-і хат

таниды. Алайда, азғындық рейтингісі бойынша да сол ондықтың айналасында. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша Қазақстан суицид бойынша әлем елдерінің алғашқы ондығына кіреді. Жасөспірімдер арасындағы суицидтен алғашқы үштікте, аборт саны жөнінен де сол ондықта, ерте жүктіліктен алғашқы үштікте. Жемқорлық деңгейі Орталық Азия елдерінің көш басында тұр.

Міне, адамшынның сұмдық мәліметтер, сондықтан қазіргі кезде тәрбие бірінші орында тұруы тиіс. Сонау сәби кезінен баланың көкірегіне ұлттық құндылықтар құйылуы тиіс. Ғұлама М.Әуезов «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» - деген сөзімен болашақты меңзегенін пайымдау керек. Абай хәкімнің

«Толық адам» тұжырымы, Шәкәрімнің «Ар ілімі», Ж.Баласағұнның «Әділетті мемлекет - ізгілікті қоғам - кемел адам», әл-Фарабидің «Әділетті басшы, қайырымды қала, бақытты қоғам» сияқты терең мазмұнды, кемел ойлары

дәл қазіргі заманға аса қажет сияқты көрінеді. Біздің ата-бабаларымыз «Ат сүрінгенше сөз табатын» шешендік өнерді меңгерген. «Аттан құласа да, салттан құламаған» салт-дәстүрін сақтаған, тілі, ділі, дініне берік, уәдеге бекем, сөз мәнісін ұғып, сөзге тоқтаған халық. Қазіргі жастардың көпшілігінің интеллектісі мықты болғанымен, ұлттық құндылыққа мән бермейтін, салт-дәстүрді ұмытқандығын мойындауымыз керек. Сырттан импортталған бөгде ағымдағы дінді ұстануы, шеттен әкелінген бөтен мерекелерді (теріс тәрбие беретін) тұтыну, басқа жұрттың теріс дәстүрлерін насихаттау яғни «өзгенің қансығын, өзімізге таңсық» жасап, киелі шежіремізді, киелі географияны, киелі музыканы, киелі ғұмырнаманы, киелі дүниетанымды мансұқ етудің зардабын көріп отырмыз.

Жоғарыда айтылған жағдайлардан шығатын қорытынды: ұлттық идеологияны қолға алу. Ф.Ницшенің «Адамға қалай өмір сүру керекін үйретпе, не үшін өмір сүру керекін түсіндір. Қалай өмір сүру керекін өзі де үйреніп алады», - деген сөзінде үлкен мағына жатыр.

ХАЛЫҚПЕН ТІКЕЛЕЙ САЙЛАНҒАН ЖАҢА АУЫЛ ӘКІМДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы Ш.А.Сұлтанханның төрағалығымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры Р.Н.Садырқұловтың, Жамбыл облысы әкімі аппараты әдеп жөніндегі уәкілінің міндетін атқарушы А.Ж.Көшербаеваның қатысуымен заң бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жаңадан халықпен тікелей сайланған 28 ауыл әкімдерімен кездесу өтті.

Ш.А.Сұлтанхан ауыл әкімдерін жауапты лауазымға сайланғандарымен құттықтай отырып, мемлекеттік қызметшілердің әдептілік құндылықтарына, қоғам мен Мемлекет басшысының сенімін ақтау, жергілікті халықтың мұң-мұқтажын қанағаттандыру жолында адал қызмет ету мәселелеріне жеке тоқталып өтті.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар мен әдеп нормаларын бұзу заңнамала көзделген жауапкершілікке әкеліп соқтыратындығына баса назар аударды.

Іс-шара барысында мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлаудың оқу бағдарламасының жанаңашылдықтары, ауыл әкімдерінің әдеп жөніндегі уәкілдермен өзара іс-қимыл жасау мәселелері жөнінде сөз қозғалды.

Бұдан бөлек, Агенттіктің Жамбыл облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінде қаралған жекелеген тәртіптік істерге, бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-ресурстарда мемлекеттік қызметшілердің әрекеттеріне қатысты жарияланған жағымсыз материалдарға қысқаша шолу жасалып, нақты мысалдар келтірілді.

Нақтырақ айтар болсақ, 2021 жылы Әдеп жөніндегі кеңеспен мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасау және әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша қозғалған барлығы 22 тәртіптік іс қаралды.

Нәтижесінде, мемлекеттік қызметке кір келтіретін құқық бұзушылықтар жасағандары үшін 13 қызметші «қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту», 2 қызметші «атқаратын лауазымынан шығару» түріндегі тәртіптік жазаға тартылды.

Сондай-ақ, 3 қызметшіге әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша «ескерту» және «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазалар қолданылды.

4 тәртіптік іс заңды негіздер бойынша қысқартылды. Үстіміздегі жылдың өткен кезеңінде Әдеп жөніндегі кеңеспен 3 ауылдық округ әкімдеріне қатысты тәртіптік іс қаралған болатын.

Нәтижесінде, ауыл әкімдерінің 2-не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағандары үшін «қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жазалар қолданылды.

Бұдан бөлек, кейбір ауылдық округтер әкімдері тарапынан әдеп нормаларын сақтамау фактілері де орын алуда.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің тапсырмаларын орындау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-кеңістікте мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттеріне қатысты жарияланған жағымсыз материалдарға тұрақты түрде мониторинг жүргізілуде.

2021 жылдың 10 айында жүргізілген мониторингтің нәтижесінде барлығы 44 жағымсыз жарияланым анықталған. Оның ішінде, жергілікті атқарушы органдардың қызметшілеріне қатысты - 38, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық департаменттерінің

қызметшілеріне қатысты - 4, өзге -3 (дәрігерлер, депутаттар және т.б.)

Департамент тарапынан жедел ықпал ету шараларының нәтижесінде 44 жарияланымның 17-ы расталды.

Атап айтқанда, ұжымдар арасында 3 түсіндірме жұмыстары жүргізілді, расталмаған ақпаратты теріске шығару жөнінде 6 шара қабылданды, сондай-ақ, карантин режимін сақтамағаны үшін Тараз қалалық және Шу аудандық мәслихаттарының 39 депутаты жеке тұлға ретінде, ал 2 қызметкер лауазымды тұлға ретінде санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 425-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар, 2 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Бұдан бөлек, 1 лауазымды тұлға карантин талаптарын сақтамағаны үшін тәртіптік және ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Әдеп нормаларын сақтамау фактісі бойынша 1 лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік іс қозғалып, Агенттіктің Жамбыл облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінде қаралып, «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Аталғандармен бірге, ауыл әкімдеріне қарамағындағы мемлекеттік қызметшілерді негізсіз үстеме жұмысқа тартуға жол берілмейтіндігі, олардың еңбек құқықтары бұзылған жағдайларда Департамент пен Еңбек инспекциясы арасында жасалған меморандум аясында тексеру жұмыстары жүргізілетіндігі жөнінде ескертілді.

Бұдан бөлек, кездесу барысында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында жиі орын алатын заң бұзушылықтар, әкімшілік тәжірибе, мемлекеттік қызметтерді электронды түрде көрсетудің проблемалы тұстары, сондай-ақ, осы саладағы заңнама талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері талқыланды.

Атап айтар болсақ, 2021 жылдың 10 айында Департаментпен рұқсат беру құжаттарының мерзімін бұзғаны (ҚР ӘҚБтК 465-бабы) үшін жергілікті атқарушы органдардың 13 лауазымды тұлғаларына әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 27 хаттама толтырылды.

Оның ішінде, аталған заң бұзушылықты әкімшілік жаза қолданғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасағаны үшін – 8 хаттама (ҚР ӘҚБтК

465-бабының 3-тармағы) жасалды.

Әкімшілік істердің барлығы қысқартылған іс-жүргізу тәртібінде қаралып, соммасы 1 166 800 тг. көлемінде айыппұл салынды және аталған соммалар бюджетке толық төленді.

Әкімшілік жазалар 2-аудан әкіміне, 8-аудан әкімдіктерінің бөлім басшыларына және 3-ауылдық округ әкімдеріне қолданылған.

2020 жылдың 10 айымен салыстырғанда ағымдағы жылы бұл көрсеткіш 2 есеге өсіп отыр.

Мысалы, өткен жылы рұқсат беру құжаттарының мерзімін бұзғаны үшін (ҚР ӘҚБтК 465-бабы) 13 лауазымды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 14 хаттама толтырылып 494 960 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Кездесу барысында Департамент басшысы Ш.А.Сұлтанхан мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту департаменттің алдында тұрған мақсат еместігі жөнінде айта келе, департаменттің де, басқа да жергілікті мемлекеттік органдардың ең негізгі мақсаты-құқық бұзушылықтарды болдырмау, оның алдын алу екендігі туралы баян етті.

Бүгінгі академия филиалындағы жаңадан сайланған әкімдермен кездесу-мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметтер көрсету салаларындағы заң бұзушылықтардың алдын-алудың нақты көрінісі деп атауға болады.

Сонымен қатар, кездесу соңында ауыл әкімдерімен қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді, сондай-ақ, олардың тілектері ескеріле отырып, ұсынымдар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



Табиғи газ адамдар үшін қауіптің ықтимал көздері болып саналады. Тұрмыста пайдаланылатын метан және сұйытылған газ (баллондарда) адам өміріне аса қауіпті. Ағып кету кезінде олар тұншығуды, улануды және ең жаманы, жарылысқа әкелуі мүмкін. Қыста суық ауа райында жылы, жайлы бөлмеде жатқан адам иісті сезіп үлгермейді. Қауіптілік мынада: улы газ түссіз, иіссіз және оттегіні жояды.

Газды және газ баллондарын тұрмыста қолданған кезде міндетті түрде назарға алу қажет:

- Газ құрылғыларының қалыпты және дұрыс жұмыс істеуін бақылаңыз. Түтін мұржаларын және желдетуді тексеру үшін тек мамандандырылған ұйымды шақырыңыз.

- Газ пешін қолданар алдында, сорғышты реттейтін жапқыштың толық ашылатынын тексеріп, мезгіл-мезгіл мұржаның қалтасын (саңылау тесіктерін) тазалап тұру керек.

- Егер үйден ұзақ уақытқа кететін болсаңыз, газ құрылғысындағы барлық шүмекті жабыңыз. Баллон пайдалансаңыз, тамақ істеп болған сайын түтігін жабыңыз.

- Газ құбырлары мен жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін газбен жұмыс істейтін қызметкерлерді үйге кіргізіңіз, тек кіргізерден бұрын қызметтік куәліктерін қарап алыңыз.

- Егер үйден бір айдан астам уақытқа кететін болсаңыз, газ шаруашылығы мекемесіне хабарлауды ұмытпаңыз.

- Газ жабдығын тек білікті мамандар ғана орнатып, жөндеу керек.

- Газдандыру кезде есіңізде болсын:

- автоматты қауіпсіз жабдықталған құрылғыны пайдаланыңыз (оттық алауы өшіп кеткен кезде және газдың күші болмаған кезде газды өшіруді қамтамасыз етеді);

- газдың шығып кету сигнал бергішін орнатыңыз.

- Газ құрылғысының орнын ауыстырғанда, қосымша нүкте

орнатарда қызмет көрсететін компаниямен ақылдасып, солардың рұқсатымен орнатыңыз.

- Тыйым салынады: - үйді өз еркіңізбен газдандыруға, газды ауыстырып, орнынан қозғауға және кез келген газ құрылғысын жөндеуге;

- тиісті қызметтің рұқсатынсыз газ жабдықтың орнын ауыстыруға, үйді қайта салғанда орнынан қозғауға;

- газ құрылғылары, түтін және желдету арналарын өздігімен жобалауға;

- қолданыстағы қауіпсіздікті автоматтандыруды өшіруге;

- жабдығы бұзылған кезде газды пайдалануға;

- жұмыс істеп тұрған газ құрылғыларын қараусыз тастауға және балаларды үйде жалғыз тастауға;

- газ құрылғылары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға;

- газдың ағып кетуін анықтау үшін отын жағуға;

- абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

- Уланудың негізгі себептері:

- түтіндік, пеш

- мұржаларының дұрыс жұмыс істемеуі;

- желдеткіш арналарының тиісінше бақылауға;

- Газ иісі шығып тұрса, не істеу керек?

- Газ жабдықтарын бәрін өшіріп, терезелерді дереу ашыңыз, өтпе жел жасаңыз;

- Жақын жерде, маңайыңызда ешкім от, сіріңке жақпасың, өрт немесе электр жарығын қолданбасын (темекі шегуге тыйым салынады, ажыратқыштар мен тұрмыстық техниканы қолдануға тыйым салынады);

- 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақырыңыз;

- Құрметті газ тұтынушылар!

- Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар – газ жабдығына уақытылы

- қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңдер.

Жамбыл облысы әкімдігі Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының газотехникалық инспекция және өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлімі.

175



Қазақ халық поэзиясының алыбы, біртуар дара тұлға, өлең сөздің дүлдiлi, жыршы, жырау, акын Жамбыл Жабаевтың туғанына биыл 175-жыл. Екi ғасыр куәсi болып, жүз жасаған, сағы сынбаған, ұлы дала жыршысы атанған жүз жыл өмiрiнiң сексен бесiн өлең-жырмен өткiзген акын казак қоғамында ешқашан өшпейдi, өлмейдi. Жамбылдың шығармашылық өмiрi казак халқы үшiн өте ауыр кезеңде бастау алса да, Кеңес заманында халық поэзиясының iрi өкiлдерiнiң бiрi болды. Елдiң ежелгi дәстүрi бойынша шәкiрт акын ұстаз тұтқан белгiлi акынға барып, өз өнерiн сынытып, одан бата алатын болған.

Сүйiнбай жас акынның талантын көрiп: «Балам, өз өлеңiңдi шығар, бiрақ оның жұрт жаттап алатын, ешкiм ұмытпайтын өлең болсын, сенiң өлеңiң жеке адамдардың көңiлiн көтерiп, солардың сүйiнiп отыратын өлеңi болмасын, бүкiл халықтың сүйiп тыңдайтын өлеңi болсын. Көмекейiң емес, жүрегiң сөйлейтiн болсын. Шыныңды айт,

әдiлдiктi жырла, көне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, тың жолға, даңғыл жолға түс, төңiрегiнде не болып жатыр, соны аңғар, соны бiл», -дептi.

Жамбыл Сүйiнбайдан ең алдымен импровизаторлық өнердi — ойлаған жерден сөз тауып, өлеңдi жылдам шығарғыштықты, шешендiк пен тапқырлықты үйренедi. Сондықтан да, осыдан кейiнгi өлеңдерiнде «Менiң пiрiм — Сүйiнбай, Сөз сөйлемiн сыйыпбай», -деп ұстазының алдына түспейтiндiгiн үнеми айтып отырады. Осылайша, жастайынан өлең-жырға жақын өскен ол он бес жасынан-ақ «жас акын», «жап-жақсы акын», «Жамбыл акын» болып елге таныла бастады.

Жамбылдың акындық қызметiнде айтыс елеулi орын алады. Акын шығармаларының шоқтығы биiгi — айтыстары. Жамбылдың Құлманбет, Досмағанбет, Сарыбас, Майкөт, Бактыбай, Сары, Бөлтiрiк, Жүнiсбай, Айкүмiс, Бөлектiң қызы, Шашубаймен айтыстары суырыпсалмалық өнерiнiң биiкке шарықтағандығының

айғағы. Осылардың iшiнде Айкүмiспен айтысы қыз бен жiгiт айтысының жақсы бiр көрiнiсi болса, Құлманбетпен айтысы казак әдебиетiндегi айтыстың жақсы бiр үлгiсi. Құлманбет акын Албанның би, болыстарының байлығымен, дәулетiмен мақтанғанда Жамбыл «Адамдықты айт, ерлiктi айт, батырлықты айт, Ел бiрлiгiн сақтаған татулықты айт!», - деп жеңiп кетедi. Жамбыл - әрi эпик, әрi айтыс акыны, әрi жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биiк парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы.

Жамбылдың ұлылығы оның тек акындық шеберлiгiмен ғана емес, сонымен бiрге, халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бiр бәйтерегi болуымен, басқаша айтқанда, халық акындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшiн бастаған даралығымен де өлшенедi. Оның сөздерi ұранға айналып, өзi халық поэзиясының атасы аталды. «Жамбыл жырлары теңiз түбiнде шашылып жатқан маржандай. Оны жинап алып халқының қолына беру — бiздiң әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», - деген едi Сәкен Сейфуллин. Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес енегесi, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгi бiрге жасай бередi.

Бақдәулет
АЛТЫНБЕКҰЛЫ,
№1 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі.

ПОВЫШЕН ПОРОГ ДОСТАТОЧНОСТИ

С 2022 года будет повышен порог достаточности для досрочного изъятия части накоплений из Единого накопительного пенсионного фонда (ЕНПФ) на улучшение жилищных условий, лечение или для передачи излишков управляющим компаниям, сообщает корреспондент центра деловой информации Kapital.kz.

«Изменение порога достаточности связано с изменением минимальной заработной платы, утвержденной на 2022 год. Порог достаточности рассчитан по методике, утвержденной правительством», - сообщили корреспонденту Kapital.kz в фонде.

Например, если в 2021 году уровень достаточности пенсионных накоплений для досрочного изъятия части средств для 20-летнего казахстанца составлял 1 млн 710 тыс. тенге, то в 2022 году этот показатель вырос почти в два раза - до 3 млн 140 тыс. тенге. Для 40-летнего казахстанца в 2021 году порог достаточности составляет 3 млн 420 тыс. тенге, в 2022 году сумма вырастет до 5 млн 790 тыс. тенге.

В 2022 году порог достаточности составит:

• 20 лет – 3 140 000 тенге	(в 2021 году – 1 710 000 тенге)
• 21 год – 3 250 000 тенге	(в 2021 году – 1 780 000 тенге)
• 22 года – 3 370 000 тенге	(в 2021 году – 1 860 000 тенге)
• 23 года – 3 490 000 тенге	(в 2021 году – 1 930 000 тенге)
• 24 года – 3 610 000 тенге	(в 2021 году – 2 010 000 тенге)
• 25 лет – 3 730 000 тенге	(в 2021 году – 2 090 000 тенге)
• 26 лет – 3 860 000 тенге	(в 2021 году – 2 170 000 тенге)
• 27 лет – 3 980 000 тенге	(в 2021 году – 2 250 000 тенге)
• 28 лет – 4 110 000 тенге	(в 2021 году – 2 330 000 тенге)
• 29 лет – 4 240 000 тенге	(в 2021 году – 2 420 000 тенге)
• 30 лет – 4 370 000 тенге	(в 2021 году – 2 500 000 тенге)
• 31 год – 4 510 000 тенге	(в 2021 году – 2 590 000 тенге)
• 32 года – 4 640 000 тенге	(в 2021 году – 2 670 000 тенге)
• 33 года – 4 780 000 тенге	(в 2021 году – 2 760 000 тенге)
• 34 года – 4 920 000 тенге	(в 2021 году – 2 850 000 тенге)
• 35 лет – 5 060 000 тенге	(в 2021 году – 2 940 000 тенге)
• 36 лет – 5 200 000 тенге	(в 2021 году – 3 030 000 тенге)
• 37 лет – 5 350 000 тенге	(в 2021 году – 3 130 000 тенге)
• 38 лет – 5 490 000 тенге	(в 2021 году – 3 220 000 тенге)
• 39 лет – 5 640 000 тенге	(в 2021 году – 3 320 000 тенге)
• 40 лет – 5 790 000 тенге	(в 2021 году – 3 420 000 тенге)
• 41 год – 5 950 000 тенге	(в 2021 году – 3 520 000 тенге)
• 42 года – 6 100 000 тенге	(в 2021 году – 3 620 000 тенге)
• 43 года – 6 260 000 тенге	(в 2021 году – 3 720 000 тенге)
• 44 года – 6 420 000 тенге	(в 2021 году – 3 820 000 тенге)
• 45 лет – 6 580 000 тенге	(в 2021 году – 3 930 000 тенге)
• 46 лет – 6 750 000 тенге	(в 2021 году – 4 030 000 тенге)
• 47 лет – 6 920 000 тенге	(в 2021 году – 4 140 000 тенге)
• 48 лет – 7 090 000 тенге	(в 2021 году – 4 250 000 тенге)
• 49 лет – 7 260 000 тенге	(в 2021 году – 4 360 000 тенге)
• 50 лет – 7 430 000 тенге	(в 2021 году – 4 470 000 тенге)
• 51 год – 7 610 000 тенге	(в 2021 году – 4 590 000 тенге)
• 52 года – 7 790 000 тенге	(в 2021 году – 4 700 000 тенге)
• 53 года – 7 970 000 тенге	(в 2021 году – 4 820 000 тенге)
• 54 года – 8 150 000 тенге	(в 2021 году – 4 940 000 тенге)
• 55 лет – 8 340 000 тенге	(в 2021 году – 5 060 000 тенге)
• 56 лет – 8 530 000 тенге	(в 2021 году – 5 180 000 тенге)
• 57 лет – 8 720 000 тенге	(в 2021 году – 5 300 000 тенге)
• 58 лет – 8 920 000 тенге	(в 2021 году – 5 430 000 тенге)
• 59 лет – 9 120 000 тенге	(в 2021 году – 5 560 000 тенге)
• 60 лет – 9 120 000 тенге	(в 2021 году – 5 560 000 тенге)
• 61 год – 9 120 000 тенге	(в 2021 году – 5 560 000 тенге)
• 62 года – 9 120 000 тенге	(в 2021 году – 5 560 000 тенге)

СТРОКИ БЛАГОДАРНОСТИ

ТРУДОВОЙ СТАЖ УСТАНОВЛЕН

Для подтверждения стажа работы мне пришлось обратиться в районный суд с заявлением об установлении факта работы в Чулактауском овоще-молочном совхозе. Когда, подошел пенсионный возраст, стал подготавливать документы для оформления пенсии. При подсчете общего стажа, период работы в совхозе не засчитали, а я там отработал в цехе растениеводства более 20 лет.

Узнав об этом, было до глубины души обидно за то, что столько лет отработал на полях, и мой труд не засчитали. Оказалось, что при заполнении трудовой книжки, в записях об увольнении, нет ссылки на законодательный акт, что противоречит инструкции о порядке ведения трудовых книжек.

Пришлось обращаться к юридическим консультантам, которые оказали правовую помощь, сделали необходимые запросы, установили лиц, которые вместе со мной работали. Подготовили заявление в районный суд о подтверждении стажа работы.

Судья районного суда Л.Дукенбаева, рассмотрев гражданское дело, представленные материалы, письменные доказательства, выслушав объяснения сторон, свидетелей мое заявление удовлетворила.

Суд защитил мои законные права и установил факт моей трудовой деятельности в Чулактауском овоще-молочном совхозе. Решение районного суда вступило в законную силу. Сейчас у меня полный стаж работы для начисления пенсии по возрасту.

Хочу выразить, через районную газету благодарность судье районного суда Л.Дукенбаевой за грамотное и справедливое решение, внимательное отношение к нам, людям пенсионного возраста, а также всем участникам судебного процесса.

Г.КИМ, житель города Каратау.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобаның атауы: «Тешік-Тас» фосфорит кен орны бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп;

2. Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Талас ауданы;

3. Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 25 қаңтарда, сейсенбі күні, сағат 11.00-де, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Көктал ауылдық округі, Көктал ауылында өтеді.

4. Жоспарланған жобаның бастамашысы: "ЕвроХим-Удобрения" ЖШС. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Сарысу ауданы, Жанатас қаласы, Санжар Аспандияров көшесі, 5. БСН: 080740015611. Тел/факс: +7 (726) 346-35-60. E-mail: Dzhambul.Sharipov@eurochem.ru, Kairat.Kurmanov@eurochem.ru.

5. Жоба әзірлеушісі: "АНТАЛ" ЖШС. Мекен-жайы: Алматы қ., Бұқар Жырау 33, "Женіс" БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, электрондық пошта: office@antal.kz.

6. Жобалық құжаттамамен <https://ecportal.kz/> бірінғай экологиялық порталында, сондай-ақ табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ұрғ. taraz@zhambyl.gov.kz сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекен-жайлар бойынша хабарласуға болады: «ЕвроХим-Удобрения» ЖШС. Тел/факс: +7 (726) 346-35-60. Электрондық пошта: Dzhambul.Sharipov@eurochem.ru, Kairat.Kurmanov@eurochem.ru. «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42. Электрондық пошта: office@antal.kz.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күннен кешікпей мына электронды мекен-жайлар бойынша қабылданады: ecportal.kz; upr.taraz@zhambyl.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ЕвроХим-Удобрения», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к «План горных работ по месторождению фосфоритовых руд «Тешик-Тас»;

2. Территория воздействия: Республика Казахстан, Жамбылская область, Таласский район;

3. Общественные слушания состоятся во вторник 25 января 2022 года в 11.00 часов по адресу: Жамбылская область, Таласский район, Кокталский сельский округ, село Коктал.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЕвроХим-Удобрения». Адрес: Республика Казахстан, Сарысуский район, г. Жанатас, улица Санжар Аспандияров, №5. БИН: 080740015611, тел/факс: +7 (726) 346-35-60, e-mail: Dzhambul.Sharipov@eurochem.ru, Kairat.Kurmanov@eurochem.ru.

5. Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г. Алматы, Бухар Жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования: upr.taraz@zhambyl.gov.kz.

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: - ТОО «ЕвроХим-Удобрения». Контактный телефон/факс: +7 (726) 346-35-60. Электронный адрес: Dzhambul.Sharipov@eurochem.ru, Kairat.Kurmanov@eurochem.ru. ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42. Электронный адрес: office@antal.kz.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ecportal.kz; upr.taraz@zhambyl.gov.kz.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның құрамында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жамбыл облысы бойынша филиалы Талас аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі келесі жұмыс түрлерін атқаратындығын хабарлайды:

- Жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыру;
- Жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау;
- Жер кадастрлық жоспарын дайындау;

- Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін беру;
- Жер кадастрлық кітапты және жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру;

- Гимараттарға, құрылыстарға немесе олардың құрамдастарына кадастрлық нөмір беру;

- Гимараттарға, құрылыстарға немесе олардың құрамдастарына бастапқы және кейінгі мемлекеттік техникалық тексеру жүргізіп, техникалық төлқұжат дайындап беру;
- Техникалық төлқұжаттың телнұсқасын беру;
- Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;
- Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету;

- Бағалау қызметі туралы заңнамаларға сәйкес жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланбайтын жылжымалы мүлік нысандарына салық салу үшін міндетті бағалау жұмыстарын жүргізу және т.б. қызметтер атқарылады.

Мекен-жайы: Каратау қаласы, Т.Рысқұлов көшесі №18, үн сандық: 6-09-83, 6-09-45

Б. НАЗАРБЕКОВ,
Талас аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің бас маман жерге орналастырушысы.

ЖАҢА КІТАП

ОҚЫРМАҒА

ЖОЛ ТАРТЫ

Нарбол КАШАҒАН. «TALAS tynysy».



**Балуан Шолақтың
ізбасарлары**

«Формат-Принт» баспасынан Бекболат Базаровтың құрастыруындағы «Балуан Шолақтың ізбасарлары» атты кітабы жарыққа шықты. Жинақтың атауы айтып тұрғандай онда Балуан Шолақ, Иманжүсіп, Қажымұқан сынды палуандардан бастап ел намысын қорғаған ардагер спортшылар туралы баяндалады. Негізінен кітапқа жинақталған материалдар палуандармен тікелей тілдесіп, таныс болған автордың атынан баяндалады.

Бекболат Базаровтың өзі де талай жарыстарда топ жарып, ауданның мерейін өсірген бозкілем шеберлері туралы мәліметтерді өздеріне жолығып, жазып алады. Жалпы, Б.Базаров үшін спорт саласы бөтен емес. Өзі де жас кезден күрестен айналысып, талай баскелерде жүздеген орыннан көрінген. Бала кезден басталған қызығушылық әлі де басылған жоқ. Ара-тұра ұйымдастырылып жататын күрестен ардагерлер арасындағы аламандаға қатысып, олжа салған кезі де жоқ емес. Бекболаттың спортқа деген құмарлығын қатар жүрген замандастары да біледі.

Тегінде, жақын тартқан іспен айналыссаң жақсы нәтиже болады ғой. Кітап құрастыру оңай

шаруа емес. Өзіне тән қиындығы жетіп артылады. Осы жинақты құрастыру кезінде Б.Базаров аз жұмыс жасаған жоқ. Бірақ, ауыр болса да адал ниетпен жасады.

Машақаты көп, көздің майын тауысқан еңбек енді міне жарыққа шығып отыр. Бекболаттың кітап шығарудағы мақсаты-белгілі журналист әрі ағасы Қаржау Базаровтың палуандар туралы бастаған еңбектерін жалғастыру болатын. Дәл осы оймен мұның алдында да таластық палуандардың өмір жолы мен жетістіктерін баяндайтын жинақ шығарған да еді. Енді міне, араға көп уақыт салмай елімізге танымал спортшылар туралы қалың кітап бастырып шықты. Мұнда тек ел намысын қорғаған палуандар ғана емес, елге белгілі шабандоздар туралы да кеңінен әңгімеленеді.

Б.Базаров өзі палуандар мен шабандоздар туралы мәліметтерді табиғи, дайындап қойған соң, оны шығару үшін қаражат жағынан қиындық көргенін айтады.

«Осы атаумен кітап шығару көптен бері ойда жүрген шаруа еді. Әрі ағам Қаржаудың бастаған ісін аяқтағым келді. Қаржы жағынан демеушілік көмегін көрсеткен аудан әкімі Қанатбек Мәдібекке, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Бекнұр Сатыбалдиевке, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұман Әсемовке, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Арыстан Байходжаевқа, «Ізгілік» мекемесінің директоры Рашид Сейдалиевке, аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Шыңғыз Рысбекке үлкен ризашылығымды білдіремін, - дейді құрастырушының өзі.

Қайырымды іске қолдау таныта білетін азаматтардың арқасында кітап қатың оқырманға жол тартты. Есімі таныс палуандар мен шабандоздар жайында тереңірек білгіңіз келсе, жаңа жинақты сіз де қарап шығыңыз.

ҒИБРАТ



Сөздің парқы

Халифа Харун Рашид бір күні түс көріп, түсінде аузындағы тістері түгелдей түсіп қалыпты. Ерте тұрып түс жорушыны шақырып, түсінің мазмұнын айтады. Түс жорушы: «Я, әміршім, сенің жақын ағайын-туыстарының бәрі өліп, сенен басқа ешкім де қалмайды екен», -депті. Харун рашид: «Менің бетіме бағтитып қайғы толы қаралы сөзді айтуына жол болсын?! Егер менің бар ағайын-туысым қырылып калса, мен қайтіп күнімді өткізбекпін?», -деп түс жорушының жонына жүз дүре соғуды бұйырады.

Түс жорушының өзге біреуін шақырып алып, көрген түсінің мазмұнын айтып, түсімді жорып бер дейді. Түс жорушы: «Ей, әміршім, барлық ағайын-туыскандарыңнан сенің өмір жасың ұзақ болады екен», -дейті.

Сонда Харун Рашид: «Жалпы ақылдың жолы біреу-ақ, екеуінің де жоруың бір жерден шықты. Бірақ алғашқы жору мен соңғы жорудың паркы аспан мен жердей», -деп түс жорушыға жүз ділде беруді бұйырады.

«Кабуснама» кітабынан.

Аз шығыннан көп пайда келмейді

Бір қарияға етегіндегі алжапқышы ескіріп, сетіней бастағанын байқап, қаладағы студент немересі жаңа алжапқыш сатып әкеліп береді. Ертесіне қараса, кемпір шеші немересі әкелген алжапқышты қырып, ескі алжапқышқа жамау етілті. Немересі тағы бір оралып келгенде, әжесі басқа жерінен сетінеген алжапқышын қолымен басып тұрып, өткенде бекер істегеніне өкінген көрінеді.

Ескі технологияға жаңа тетіктер жамап, жөндеп, жақсы тауар шығара беремін деп ескі алжапқыш секілденіп тағы бір жері сетінейді. Аз шығынмен көп пайда табу қиын.

Мырзагелді КЕМЕЛ,
таңдамалы шығармалар жинағынан.

ВСТРЕЧА

ВЕРИТЬ В СЕБЯ И ДОБИВАТЬСЯ УСПЕХОВ

Мадина ТАПАЕВА, «TALAS tynysy».

Учителя физической культуры школы – интернат «Үміт» для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата устроили встречу детей с чемпионом мира по паратахвондо, чемпионом Азии, двукратным серебряным призером Европы, участником паралимпийских игр «ТОКУО – 2020» Нышаном Омйрали.

- Нышан – удивительный человек с безграничными возможностями. У него можно поучиться желанию жить и доказать всем, что он все может, - отметила, обращаясь к присутствующим и.о. директор школы-интернат Айгул Кашикеева. – Он наша спортивная гордость, пример того, что нужно преодолеть себя, бороться, стараться и достигать больших результатов.

Также со словами напутствиями и благодарности выступила первый учитель Нышана, а сейчас социальный педагог школы-интернат Гулмира Кожобекова.

-В спорте все равны – все одинаково занимаются спортом, да, есть ограничение в физических возможностях, но в целом это не мешает в достижении желаемого результата. Да и к тому же, инвалидность – не приговор, а повод не сдаваться, верить в себя и добиваться успехов, - говорит Нышан.

– Тем более у нас в стране создаются все условия для занятий спортом людей с ограниченными возможностями.

Участник паралимпийских игр вручил памятный календарь со своим автографом,

которые думаю придадут вдохновение и уверенность для дальнейшего занятия физической культурой у детей с ограниченными возможностями. В свою же очередь, дети вручили в подарок книгу с пожеланиями спортсмену.


Спортсмен поделился своими вдохновляющими историями с детьми, страдающими нарушениями опорно-двигательного аппарата, несмотря на недостатки нельзя сказать, что они ограничены в спорте. Встреча прошла в теплой дружеской атмосфере.

Организаторы встречи выразили благодарность Нышану Омйрали за визит, а также отметили, важность этой встречи как значимую составляющую в мотивации ребенка для преодоления трудностей и стремления вперед.



Турнир, посвященный А.Шейну

«Тб»- информ».



В районном центре прошел детский турнир по футболу, посвященный памяти 100-летию со дня рождения Анатолия Ивановича Шенна.

При жизни будучи генеральным директором АО «Каратау» большое внимание уделял развитию региона, под его руководством выросли города Каратау и Жанатас. Также Анатолий Иванович уделял развитию массового вида спорта. При нем строились стадионы, спортивные базы.

В футбольном турнире приняли участие 8 команд городов Каратау, Жанатас, Сарысуского и Таласского районов, в возрастной категории 2009-2010 годов. Молодые футболисты проявили все свои навыки и показали высокий уровень подготовки.

В результате упорной борьбы победителями турнира стала команда детской юношеско-спортивной школы №32 Таласского района, второе место досталось команде детской юношеско-спортивной школы Сарысуского района и третье место завоевала команда «Лео» из города Каратау.

Завершился турнир торжественным награждением, которого участники ждали с нетерпением. Победители и участники получили грамоты, памятные кубки и подарки.

Организаторы турнира благодарят спонсоров, которыми стали воспитанники СК «Фосфорит» Алпамыс Бахытулы, Ерден Куламетов и многие другие.

БОТУЛИЗМ

Ботулизм ауруы-бұл тамақтан уланудың ауыр түрі, уақытында дәрігерге көрінбесе, өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Көбіне үй жағдайында дайындалған қолдан жапқан саңырауқұлақ, баклажан, көкөніс салат,ет, балық консервілерін пайдаланғаннан болады.

Белгілері – әлсіздік, іша ауруы, құсудың пайда болуы, көз алды торланып, бұлдырайды, бір нәрсе екеу болып көрінеді, ішкен асы тамақтан өтпей, шашалады, жұтыну қиындайды, даусы қарлығып, мұрын арқылы сөйлейді. Аурудың алдын алу мақсатында базар, сауда нысандарынан, белгіленбеген сауда орындарынан үй жағдайында дайындалған, қолдан жапқан консервіленген саңырауқұлақ, көкөніс салат, ет, балық өнімдерін сатып алуға болмайды.

Консервіленген салаттарды пайдаланған кезде сақтайтын, пайдаланатын уақыт мерзімін қараңыз, қақпағы күмпиген (бомбаж) салаттарды пайдалаңбаңыз. Үй жағдайында ет, балық, саңырауқұлақ консервілемеген дұрыс. Жеміс-жидек, көкөніс консервіленген кезде оларды жақсылап жуып, тазасын, бүлінбегенін пайдаланыңыз.

Ж.ОМАРБЕКОВА,
Талас аудандық санитариялық
- эпидемиологиялық бақылау
басқармасының бас маманы.

«Үздік ауылдық кітапхана - 2021»

Облыстық байқауының жеңімпаздары марапатталды

Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырған «Үздік ауылдық кітапхана - 2021» облыстық байқауы өз мәресіне жетті.

Байқау ережесіне сәйкес өңіріміздің 10 ауданы өз аймағындағы ең үздік деп танылған ауылдық кітапханаларын облыстық кезеңге ұсынып, осы ұсынылған ауылдық кітапханаларды әділқазылар алқасының мүшелері аралап,

ішкі жұмыстарын, атқарып жатқан қызметтерін жан-жақты зерделеп, көрсетілім іс-шараларын бағалаған болатын.

Нәтижесінде, кітапхана ісінің дамуына қомақты үлес қосқан, еліміздің мәдени өмірінде өз бастамалары арқылы оқу мәдениетін қалыптастырудағы ауқымды жұмыстары үшін Талас ауданы, Майтөбе ауылдық кітапханасы 2 - орын иеленді.

Байқауға қатысушы ауылдық кітапханалардың барлығына арнайы грамоталар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.



ТАУДАН ТАБЫЛҒАН ҚАЗЫНА

Франциядағы ең биік тау Монбланды бағындыруға шыққан альпинист бір жәшік бағалы тас тауып алған. Сегіз жыл бұрын табылған қазына осы күнге дейін кімге тиесілі екені анықталмады.

Зергерлік сөмкеде «Үндістанда жасалған» деген жазулар болған. Сондықтан, француз билігі оны жарты ғасырдан астам уақыт бұрын Монблан тауына соғылған ұшақта қаза тапқандардың бірінікі деген болжам айтты.

Альпинист адал жолмен француз заңына сәйкес табылған бағалы тастарды полицияға өткізген. Алайда, Шамони қаласының әкімдігі оның иесін іздестіріп, таба алмағандықтан, зергерлік бұйымдардың жартысын альпинистке берген.

Төбесі үнемі бұлтқа оранып жататын Монблан тауына 1950 жылы жолаушылар ұшағы соғылып, 48 адам қаза тапқан. Ал, 1965 жылы апатқа ұшыраған ұшақта 117 адам болған.

1965 жылы соғылған «Air India» әуе компаниясына тиесілі ұшақтың борттында Үнді ядролық бағдарламасының жетекшісі, физик Хоми Дж. Бхабха болған.



ТАҢҚАЛДЫРАРЛЫҚ БОЛЖАМ



Химиялық элементтерді топтастырған Менделеев кестесі 1869 жылы Ресейде пайда болды. Аңызға сенсек, Менделеев бұл жүйені түсінде көргенін айтады. Алайда, оны құрастыру жұмысы 20 жыл уақыт алған.

Ғалым бала кезден карта ойнауды жақсы көрген. Сондықтан, автор жүйедегі барлық деректерді ойын карталары арқылы танбалаған. Алғашында периодтық жүйеде 56 элемент болған. Алайда, XX ғасырдағы қолданбалы ғылымның

даму нәтижесінде бірнеше жаңа заттар табылып, олардың саны 118-ге жетті. Соңғы үшеуі 2015 жылы енгізілген.

Таңқалдырарлық ерекшеліктің бірі-жүйенің болашақты болжауында. Ғалымның өзі құрастыру кезінде бос ұяшықтар болашақта табылатын элементтердің орны екенін айтқан. Менделеев магний мен гелийдің ерекшелігі мен сипаттамасын олар табылмастан бұрын зерттеп қойған екен.

МЕНШІК ИЕСІ: "Талас аудандық "TALAS tynysy" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

TALAS tynysy

Директор Олжас ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор Дүйсен МОЛДАҚҰЛОВ
нөмірдің кезекші редакторлары
Қ.САУҚЫМОВ, М.ТАПАЕВА

Телефондар: Бас редактор 4-01-60, бөлім меңгерушісі, тілшілер 5-06-68, компьютер орталығы, бухгалтерия 4-01-59. Газет «TALAS tynysy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді. Электрондық пошта - talas-gazet@mail.kz

Газетіміздің сайты - talas-tinisy.kz

Индекс: 080800, Қаратау қаласы, Шейн көшесі, №47 үй.

Таралымы 2022 дана Тапсырыс №203

Газет аптасына 2 рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газета выходит 2 раза в неделю - во вторник и пятницу.

Корректор: Қ.ЖҰМАБЕКОВА.

Компьютерде теріп, беттеген:
П.БАЙМАМИРОВА
М.ТАПАЕВА

Газет "Салық тәртібі" ЖШС баспаханасында басылды.
(484039 Тараз қ.,
Төле би көшесі - 36)

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.